



Сайлаушыларды тіркеуді бақылау жөніндегі нұсқаулық

Бұл басылым ағылшын тілінен қазақ тіліне еркін аударылды.



SOROS.KZ

Жоба Сорос-Қазақстан қорының қаржылық қолдауымен жүзеге асты. Жарияланым авторларының көзқарасы Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Басылымдағы деректер мен тұжырымдардың жауапкершілігі зерттеу авторларында.

Құрметті оқырман!

Ұлттық және жергілікті билік құрылымдарына сайлау – ашық қоғамның бұлжымас бөлшегі. Ашық, әділ сайлау мемлекетті басқару ісіне демократиялық қатысудың басты элементі және солай бола да береді. Ал азаматтардың саяси жігерін білдіруі арқылы сайланған құрылымдар мен тұлғалар – олардың заңды түрде сайланғанының негізгі көрсеткіші.

Сайлаудың әділ өтуі, әдетте, қоғамдағы шешім қабылдау механизмдерінің демократиялық дамуы, жақсы/тиімді басқару, үдерістердің ашықтығы, БАҚ тәуелсіздігі, бейбіт шеруге шығу құқығы, жемқорлық сынды толып жатқан мәселенің бетін ашады. Әр сайлау жергілікті не ұлттық деңгейдегі жағдайды жақсартуға, мәселені шешуге әсер етуі мүмкін.

Ашық қоғам қорлары бүкіл әлем бойынша сайлаудың әділ өтуіне қолдау көрсетеді. Біз қандай да бір саяси партия, ұйым немесе үміткерді емес, процестің өзін қолдаймыз.

Бұл басылымды Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы дайындады, ол ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің кейбір тілдеріне аударылды. Алайда бүгінгі күнге дейін құжаттың қазақ тіліндегі нұсқасы болған жоқ.

Сорос-Қазақстан қорының негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді дамыту және адам құқықтары мен заң үстемдігі туралы материалдарды таратуға атсалысу. Сондықтан осы басылымның қазақ тілінде шығуына қуана қолдау білдірдік.

Басылым азаматтық қоғам, мемлекеттік құрылым өкілдеріне, сайлауды бақылаушыларға, заңгерлерге, студенттерге және Қазақстан Республикасында сайлау мен сайлау құқығы мәселесіне қызығушылық білдіретін жандарға арналады.

Аида Айдарқұлова

**Сорос-Қазақстан қорының
Басқарма төрайымы**

ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) жариялаған

Ul. Miodowa 10, 00-251 Warsaw, Poland

<https://www.osce.org/odihr>

© OSCE/ODIHR 2013

Барлық құқығы қорғалған. Осы жарияланымдағы мәтінді ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ға дереккөз ретінде сілтеме көрсете отырып, оқу-ағарту, басқа да коммерциялық емес мақсатта тегін көшірме жасап, қолдануға болады.

Мұқабдағы сурет: ЕҚЫҰ/ Урдур Гуннарсдоттир (Urdur Gunnarsdottir)

Дизайн: Нона Рейтер (Nona Reuter)

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
А. Нұсқаулық жайлы бірер сөз	7
Ә. Сайлаушыларды тіркеудің мән-маңызы	8
Б. ЕҚЫҰ міндеттемелері және өзге халықаралық стандарттар	9
В. ДИАҚБ-ның сайлаушыларды тіркеуді бақылау әдісі	12
Терминология	15
А. Сайлаушының жеке басын анықтау және тұрғылықты жер	15
Ә. Сайлаушының мәліметтері және сайлаушылар тізімінде жазылатын деректер	16
Б. Сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімі	17
В. Сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімін жаңарту	17
Г. Мәліметтерді жаңарту кезінде кетуі мүмкін қателер	19
Д. Сайлаушылар регистрін жабу	21
Е. Халықты тіркеу және халық санағы	22
Сайлаушыларды тіркеу жүйесінің жалпы сипаттамасы	25
А. Сайлаушыларды белсенді және бәсең тіркеу	25
Ә. Сайлаушыларды тұрақты және мерзімді тіркеу	26
Б. Қағаз және электронды регистрлер	27
В. Сайлаушыларды тіркеу кезіндегі әкімшілік өкілеттілік	27
Сайлаушыларды тіркеудің заңнамалық базасы	31
А. Заңнаманы бағалаудың мақсаты	31
Ә. Дауыс беру құқығы	33
1. <i>Азаматтық</i>	33
2. <i>Жас шектеуі</i>	34
3. <i>Тұру мерзімі</i>	35
4. <i>Сайлау құқығынан уақытша айыру</i>	35
Б. Сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерді жаңарту жөніндегі өтініш	36
В. Дербес мәліметтерді қорғау	37

Ашықтықты бағалау	41
А. Ашықтық деген не?	41
Ә. Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру мерзімі	42
Б. Сайлаушыларды ақпараттандыру	44
Нақтылықты бағалау	47
А. Нақтылық деген не?	47
Ә. Регистрлердің нақтылығын қамтамасыз ету	48
Б. Қатардағы мәселелер	50
В. Дауыс берудің айрықша механизмінің мәселелері	51
1. Тұрғылықты жерінде жоқ ел ішіндегі сайлаушылар	52
2. Шетелдегі сайлаушылар	53
3. Мерзімінен бұрын дауыс беру	54
4. Үйден дауыс беру	54
5. Электронды дауыс беру және дауыс беруде жаңа технологияларды пайдалану	54
В. Сайлаушыларды тіркеудің аудиті	55
1. Компьютерде тексеру	56
2. Сырттағы тексеру	56
Инклюзивтілік пен кемсітпеушілікті бағалау	59
А. Ұлттық азшылықтың сайлауға қатысуы	59
Ә. Әйелдердің қатысуы	61
Б. Қоныс аударған тұлғалардың сайлауға қатысуы	62
В. Үйсіз тұлғалардың қатысуы	63
Сайлаушылар тізімі және сайлау күні	65
А. Сайлаушылар тізімінің құрылымы	65
Ә. Дауыс беру	66
Б. Санақ	68
В. Сайлау күнгі бақылау	68
Г. Сайлау өткен күннің ертесі	70

Кіріспе

А. Нұсқаулық жайлы бірер сөз

Бұл нұсқаулықтың мақсаты – оқырманға сайлауды жалпы бақылау аясындағы сайлаушыларды тіркеу әдістерін түсіндіру. ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) сайлаушыларды тіркеуді бақылауды сайлауды бақылау әдістемесіне қосты, алайда бұл нұсқаулықтың мақсаты – сайлау процесінің осы бір өте маңызды кезеңін бақылаудың барынша жүйелі және кешенді жолдарын ұсыну¹.

Сайлаушыларды тіркеудің заңнамалық және әкімшілік аспектілерін тереңірек түсіну ДИАҚБ-ның сайлауды бақылау қызметіндегі мамандар мен бақылаушылар жұмысын тиімді ете түседі. Бұл нұсқаулық ең алдымен сайлау мәселелері жөніндегі мамандар мен құқықтық мәселелер жөніндегі мамандарға арналған. Нұсқаулық сонымен бірге сайлауды бақылау миссиясы негізгі құрамының мүшелері мен ұзақмерзімді және қысқамерзімді бақылаушыларға да пайдалы болмақ. Нұсқаулық негізінен сайлауды бақылау миссиясына арналғанымен, сайлауға баға беру миссиясына қатысушылар мен сайлауды бақылау бюросының өзге де қызметіндегі мамандарға да нұсқаулықтың пайдасы тиюі мүмкін. ДИАҚБ халықаралық және ішкі бақылаушылар топтары да өз жұмысында осы нұсқаулықты пайдаланады деп үміттенеді.

Нұсқаулық мынандай бөлімдерден тұрады:

- 📌 **Кіріспе** бөлімінде тиісті халықаралық стандарттар мен ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның сайлаушыларды тіркеу бойынша ұсыныстары қамтылады;

¹ Бұл нұсқаулықты ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның «Сайлауды бақылау жөніндегі нұсқаулығымен» бірге қараған дұрыс. Сондай-ақ ДИАҚБ-ның басқа да әдістемелік құжаттарын, атап айтқанда, «Сайлауды ұзақмерзімді бақылаушыларға арналған нұсқаулық», «Сайлауға әйелдердің қатысуын бақылау жөніндегі нұсқаулық» пен «Сайлау процесіне ұлттық азшылықтардың қатысуына септесетін ұсыныстарды» қараңыз. Осы құжаттардың сілтемесі: <http://www.osce.org/odihr/elections/75352>.

- ✎ **Терминдер тізімі** сайлаушыларды тіркеу процесін түсіну үшін қажет;
- ✎ **Жалпы сипаттамада** сайлаушыларды тіркеу жүйесі түсіндіріледі;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеудің **заңнамалық базасын** талдау жөніндегі ұсыныстар;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеу процесінің **ашықтығын** бағалау жөніндегі ұсыныстар;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеудің **нақтылығын** бағалау жөніндегі ұсыныстар;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеудің **инклюзивтілігін** бағалау жөніндегі ұсыныстар;
- ✎ **Сайлау күні** сайлаушылар тізімін пайдалану және бақылау.

Нұсқаулықта сайлаушыларды тіркеудің техникалық аспектілерімен қатар сайлауды бақылаушыларға тәжірибеде қолданатын кеңестер беріледі. Бірнеше бөлімнің соңында тақырыпқа қатысты бақылаушыларға пайдасы тиюі мүмкін сұрақтар берілген.

Бұл нұсқаулықта ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердегі сайлаушыларды тіркеудің кең ауқымды тәжірибесі қамтылған. ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердің сайлаушыларды тіркеу тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, нұсқаулықта қамтылған мәселелердің барлық сайлауға бірдей қатысуы болмауы мүмкін. Бақылаушылар сайлаушыларды тіркеу процесінің нақты элементтерін ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдегі сайлаушыларды тіркеу жүйесінің түрі, тіркеу процесі мен процедура мерзіміне қарай бағалауы керек. Бұдан бөлек бақылаушылардың осы мәселелерді қаншалықты жан-жақты қарастыра алатынына сайлауды бақылау іс-шаралары мен миссия жұмысына кететін уақыт және қолдағы ресурстар әсер етеді. Дей тұрғанмен барлық жағдайда сайлаушыларды тіркеуді назарға алып, мұны есепке, қажет болса ұсыныстарға да қосу керек.

Ә. Сайлаушыларды тіркеудің мән-маңызы

ЕҚЫҰ-ға қатысушы барлық мемлекет жалпыға ортақ және тең сайлау құқығын демократиялық сайлау процесінің негізгі принципі деп танып, оны сақтауға кепілдік берген. Сайлаушыларды тіркеу дауыс беруге құқығы бар тұлғалардың сайлауға тең және жалпыға бірдей қатысу құқығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар сайлау процесі кезінде тіркелген сайлаушылардың санына қарай маңызды шешімдер қабылданады. Мысалы, әкімшілік бірліктер (сайлау округтері) мен сайлау учаскелерінің орналасуы, бюллетень мен басып шығаратын сайлау материалдарының саны және оларды сайлау учаскелеріне жеткізу, сондай-ақ дауыс берушілердің сайлауға қатысу көрсеткіші тіркелген сайлаушылар санына қарап есептеледі.

Ашықтық, нақтылық және инклюзивтілік – сайлаушыларды тіркеу процесінің тұтастығы мен сайлаушылар тізімінің шынайылығына кепілдік беретін негізгі дүниелер. Сайлауды бақылаушылар дауыс берушілерді тіркеу процесін бағалағанда ең алдымен осы негізгі аспектілерге мән беруі керек. Осы аспектілердің әрқайсы нұсқаулықта егжей-тегжейлі қамтылады.

Сайлаушыларды тіркеудің ашық, шынайы және инклюзивті процесі дауыс берушілерге негізгі азаматтық құқығы – сайлау құқығын іске асыруға мүмкіндік беріп, сайлау процесін бұрмалаудан қорғайды. Сайлаушылар тізімі дауыс берушілерге нақты қай жерде дауыс бере алатыны жайлы ақпарат береді. Сондай-ақ сайлау комиссиясы мүшелеріне нақты қандай азаматтардың дауыс беруге құқылы екенін көрсетеді. Сонымен қатар сайлаушылар тізімі әр дауыс беруші бір-ақ рет дауыс бере алатынына кепілдік беріп, дауыс беруге құқығы жоқ тұлғалардың дауыс беруіне жол бермейді.

Сайлаушыларды тіркеу қоғамның сайлау процесіне сенімін арттырады. Сайлаушылар тізімдегі өз мәліметтерін тексере алуы үшін оларға сайлау күнінен бұрын дауыс берушілердің тізімін көре алуы керек. Сонымен қатар сайлаушылардың өздері туралы нақты емес ақпаратты уақытында түзеуді талап етуге құқығы болуы тиіс. Сайлаушылар тізімінің көшірмесі кандидаттар мен саяси партияларға олар өз қолдаушыларының тізімге енген-енбегеніне көз жеткізіп, осы ақпаратты сайлауалды науқан кезінде пайдалануы үшін беріледі. Сайлаушылар тізімін саяси партиялар мен кандидаттарға бергенде бірқатар мәселе ескерілуі керек. Біріншіден, барлық партияның сайлаушылар тізіміне қол жеткізуге құқығы бірдей болуы тиіс және бұл ақпарат мәліметтерді қорғау ережесіне сәйкес берілуі керек. Бұдан бөлек, сайлаушылар тізімін электронды форматта беру мүмкіндігін де қарастырған жөн. Бірақ бұл ретте мәліметтерді электронды іздеу де мәліметтерді қорғау туралы заң ережелеріне қайшы болмауы тиіс. Кей елдерде азаматтық қоғамдағы топтар компьютерлік тексеріс пен сырттағы зерттеу арқылы сайлаушылар тізімдерінің нақтылығын анықтап, оның нәтижесін қоғамға ұсына алады.

Жоғарыдағыға алып-қосар тағы бір нәрсе, сайлаушыларды тіркеу сайлау процесіндегі өзге бірқатар компоненттің негізі. ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір елдерде жаңа саяси партиялар немесе кандидаттар сайлауға түсетін болса, өтінішпен бірге тіркелген дауыс берушілердің белгілі бір пайызынан немесе санынан қол жинап, ұсынуы керек. Сонымен қатар кандидат сайлауға түсуі үшін сайлаушылар регистрінде болуы керек деген талап қойылуы мүмкін. Әсіресе сайлауға түсу үшін кандидаттан сайлау округінде белгілі бір мерзім тұруды сұрайтын сайлау жүйесінде осындай талап қойылады. ЕҚЫҰ-ға мүше кейбір елдерде сайлауалды науқанға мемлекеттік ресурстар сайлаушылардың санына қарай есептеліп бөлінеді.

Б. ЕҚЫҰ міндеттемелері және өзге халықаралық стандарттар

ДИАҚБ-ның сайлауды бақылаушыларының басты мақсаты – сайлау мен сайлаушыларды тіркеу процесі ЕҚЫҰ міндеттемелері мен демократиялық сайлауға қатысты өзге халықаралық нормаларға қаншалықты сай келетініне баға беру. Осы саладағы тиісті принциптер мен озық халықаралық тәжірибе бұл процесс қандай стандарттарға сай келуі керек екенін анықтайды. ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің міндеттемені қалай орындап жатқаны сол стандарттарға қарап бағаланады. ДИАҚБ бақылаушылары өз есептерінде сол стандарттарға сүйенеді.

ДИАҚБ бақылаушылары ЕҚЫҰ міндеттемесі мен демократиялық сайлау саласындағы өзге халықаралық стандарттар қалай орындалғанына баға беруі тиіс. ЕҚЫҰ-ның 1990 жылы қабылданған Копенгаген құжатында² қатысушы мемлекеттер демократиялық сайлау өткізуге қатысты бірқатар принципті сақтауға келіскені жазылған. Осы құжатта сайлау процесі, оның ішінде сайлаушыларды тіркеу процесін бағалаудың маңызды негіздері көрсетілген.

ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 6-бөлімінде былай делінген:

«Қатысушы мемлекеттер халықтың мерзімді және әділ сайлауда өз қалауын еркін білдіруі кез келген үкімет пен билік заңдылығының негізі екенін мәлімдейді. Қатысушы мемлекеттер өз азаматтарының елді басқару ісіне тікелей немесе әділ сайлауда өздері еркін сайлаған өкілдері арқылы қатысу құқығын тиісінше құрметтейді».

Осы ретте ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер осы құжаттың 7-тармағындағы бірқатар принципті, соның ішінде «ересек азаматтарға жалпыға бірдей және тең сайлау құқығына кепілдік беру» міндеттемесін мойнына алған. Бұл принциптер сайлаушыларды тіркеу мен сайлаушылар тізімін дайындауда аса маңызды.

Адам құқықтары саласындағы өзге халықаралық құжаттар сайлаушыларды тіркеу стандарттарын анықтап, осы процесі бағалаудың негіздерін белгілейді. Атап айтқанда, Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің³ (АСҚХП) 25-бабының сайлаушыларды тіркеуге тікелей қатысы бар: «Барлық азамат қандай да болсын дискриминацияға және негізсіз шектеуге ұшырамай... жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде шынайы мерзімді сайлауда дауыс беруге және сайлануға құқығы бар».

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің (АСҚХП баптарының орындалуы бойынша түсіндіруші ұсыныстар беретін жауапты орган) жалпы тәртіптегі №25 ескертуде былай делінген:

«...Мемлекеттер дауыс беруге құқығы бар барлық тұлға сол құқығын жүзеге асыру үшін бүкіл тиімді шараларды қолға алуы керек. Сайлаушыларды тіркеу талап етілген жағдайда, бұл процедура оңай және қандай да бір кедергілерсіз іске асуы қажет. Тіркеу кезінде белгілі бір аймақта белгілі бір мерзім тұру туралы талап қойылса, бұл шара негізді және үйсіз тұлғаларды дауыс беру құқығынан айырмауы тиіс. Тіркеу немесе дауыс беру процедурасына араласу,

2 Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Кеңесінің (ЕҚЫК) адамзат өлшемі жөніндегі екінші конференциясының Копенгаген кеңесінің құжаты, Копенгаген, 5 маусым – 29 шілде 1990 ж. <http://www.osce.org/ru/odihr/elections/14304>.

3 Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакті БҰҰ Бас Ассамблеясының 1996 жылғы 16 желтоқсандағы 2200А (XXI) резолюциясы арқылы қабылданып, қол қою, ратификациялау мен қосылуға ашық болды; 1976 жылдың 23 наурызында күшіне енді. Қараңыз: www.ohchr.org.

сондай-ақ сайлаушыларды қорқыту немесе мәжбүрлеу тәрізді кез келген заң бұзушылыққа қылмыстық заңнама тыйым салуы қажет және бұл заңдар қатаң орындалуы тиіс. Тиісті ақпаратты ала алмайтын халық 25-бапта көрсетілген құқықтарды тиімді пайдалануы үшін сайлаушыларды ақпараттандыру және тіркеу кампаниясы жүргізілуі керек»⁴.

Адам құқықтары саласындағы өзге құжаттар да кемсітпеушілікке кепілдік береді. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою жөніндегі конвенцияның⁵ 5-бабында былай делінген:

«Қатысушы мемлекеттер нәсілдік кемсітушіліктің барлық түріне тыйым салуға және жоюға міндеттеледі және әр адамның нәсілі, терісінің түсі, ұлттық немесе этникалық шығу тегін айырмастан... сайлауға түсу... сайлауға қатысу... және мемлекет істерін басқару құқықтарын жүзеге асырғанда заң алдында тең құқығын қамтамасыз етеді».

Дәл сол сияқты Әйелдерге қатысты кемсідудің барлық түрін жою туралы конвенцияның⁶ 7-бабында былай делінеді:

«Қатысушы мемлекеттер елдің саяси және қоғамдық өміріндегі әйелдерге қатысты кемсідуді жоюға қатысты барлық шараны қолданады, атап айтқанда, әйел адамдарға ер адамдармен тең жағдайда барлық сайлауда дауыс беру мен халық сайлайтын органдарға сайлану құқығын қамтамасыз етеді».

Еуропа кеңесі Венеция комиссиясының сайлау құқығы мәселелері бойынша озық тәжірибе кодексінде⁷ сайлаушыларды тіркеуге қатысты ұсыныстар берілген. Кодексте төмендегі нәрселерді іске асыру керектігі жазылған:

- 📄 Сайлаушылар тізімін жасау;
- 📄 Сайлаушылар тізімін жариялау;

4 Жалпы тәртіптегі №25 ескертудегі 11-тармақты (әр азаматтың мемлекет істерін жүргізуге, дауыс беруге және сайлануға және мемлекеттік қызметке баруға құқығы) БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитеті 1996 жылдың 12 шілдесінде қабылдаған. Қараңыз: www.ohchr.org

5 Нәсілдік кемсітушіліктің барлық түрін жою жөніндегі халықаралық конвенция БҰҰ Бас Ассамблеясының 1965 жылғы 21 желтоқсандағы 2106 (XX) резолюциясымен қабылданып, ратификация мен қол қоюға ашық болды. 1969 жылдың 4 қаңтарында қабылданды. Қараңыз: www.ohchr.org.

6 Әйелдерге қатысты кемсідудің барлық түрін жою туралы конвенция 1979 жылдың 18 желтоқсанында (34/180 резолюциясы) қабылданып, 1981 жылдың 3 қыркүйегінде күшіне енді. Қараңыз: www.ohchr.org; Әйелдерге қатысты кемсідуді жою комитетінің №23 жалпы ұсынысы (16-сессия, 1997 жыл). <http://www1.umn.edu/humanrts/russian/gencomm/Rgeneral23.html>.

7 Сайлау мәселелері жөніндегі жағымды тәжірибе кодексі (Code of Good Practice on Electoral Matters), № 190/2002, CDL-AD (2002) 23 rev. қорытындысы, Құқық арқылы демократия үшін Еуропа комиссиясы (Венеция комиссиясы), URL: [http://www.venice.coe.int/webforms/documents/CDL-AD\(2002\)023rev-e.aspx](http://www.venice.coe.int/webforms/documents/CDL-AD(2002)023rev-e.aspx)

- ✎ Сайлаушылар тізімін үнемі тұрақты түрде жаңартып отыру;
- ✎ Сайлаушылар тізіміне түзету енгізуге мүмкіндік беретін, сот бақылай алатын әкімшілік процедураларды дайындау.

В. ДИАҚБ-ның сайлаушыларды тіркеуді бақылау әдісі

Сайлауды бақылау арқасында, әсіресе сайлауды бақылау жөніндегі халықаралық миссия қызметінің арқасында ДИАҚБ-ның жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы принциптерінің қалай сақталғанын бағалауға толық мүмкіндігі бар. Бағалаудағы басты нәрсе – сайлаушыларды тіркеу азаматтар сенетін жалпыға бірдей, жасырын, тең, еркін, шынайы, есеп беретін және ашық сайлау процесінің ілгерілеуіне қаншалықты септесетінін жан-жақты талдау.

ДИАҚБ бақылаушылары сайлауды бақылаудың жалпы әдістемесін негізге ала отырып, сайлаушыларды тіркеуге қатысты нақты процестерді талдайды. Атап айтқанда, сайлауды бақылау миссиясы сайлаушыларды тіркеу процесінің нақтылығы, инклюзивтілігі мен ашықтығын бағалауға тырысады. Сайлаушыларды тіркеуге қатысты көптеген процедура тұрақты түрде немесе сайлауды бақылау жөніндегі халықаралық миссия жұмысы басталмай тұрып жүргізіледі. Алайда миссияның негізгі құрамы ұзақмерзімді және қысқамерзімді бақылаушылармен бірге жан-жақты талдауға қажет ақпаратты жинай алады. Сайлаушыларды тіркеуді бақылағанда инклюзивтілік пен процесс ашықтығын ғана емес, сайлаушылар тізімінің айқындығы мен сапасын да бақылау маңызды.

Сайлауды бақылаудың халықаралық миссиясына кіретін кейбір мүшелердің сайлаушыларды тіркеу процесіндегі рөлі айрықша маңызды.

- ✎ **Құқықтық мәселелер жөніндегі сарапшы** сайлаушыларды тіркеуге қатысты заңдар, процедуралар мен нормативтік ережелерді мұқият талдайды. Ол мұны заңнамалық база сайлаушылардың нақты және инклюзивті тізімін жасауға септесе ме, ЕҚЫҰ мен өзге халықаралық стандарттарға сай келе ме, соны анықтау үшін жасайды.
- ✎ **Сайлау мәселесі жөніндегі сарапшы** сайлаушылар тізімін жасауға жауапты лауазымды тұлғалармен (орталық сайлау органы, министрлік немесе мекемедегі тұлғалар) кездесіп, сайлаушыларды тіркеу процесі қалай жүріп жатқанын анықтайды.
- ✎ **Саяси мәселелер жөніндегі сарапшы** кандидаттар және партиялардың сайлаушыларды тіркеу процесіне қаншалықты сенетінін анықтау үшін олармен кездеседі. Олардың сайлаушыларды тіркеу процесі мен сайлаушылар тізімінің нақтылығына қатысты алаңдаушылығы болса, тыңдап, түртіп алады.

- ✎ **Ұлттық азшылықтар мен гендерлік мәселелер жөніндегі сарапшы** дәстүрге байланысты маргиналданған топтар (мысалы, ұлттық азшылықтар мен әйелдер) сайлау процесіне толық қатысуға мүмкіндігі бар ма, тіркеу кезінде қандай да бір айрықша құқықтық немесе әкімшілік кедергіге тап болды ма, соны анықтайды.
- ✎ **Ұзақмерзімді бақылаушылар** сайлаушылар тізімін жасауға қатысатын жергілікті және аймақтық сайлау органдарының өкілдерімен кездесіп, белгілі бір деңгейдегі сайлаушыларды тіркеу жүйесінің жұмысы мен құрылымының негізгі аспектілерін анықтайды. Ұзақмерзімді бақылаушылар сонымен қатар сайлаушылардың алдын ала тізімін қоғамға ұсыну, сайлаушылар талабымен тізімге өзгертулер мен түзетулер енгізуді де бақылайды.
- ✎ **Қысқамерзімді бақылаушылар** сайлау күні түрлі ақпарат, оның ішінде сайлаушылардың жеке басын анықтайтын және сайлау учаскелерінде сайлаушылар тізімін қолдануға қатысты мәліметтерді жинайды. Сайлау күні процедураларды бақылау кезінде сайлаушылар тізіміндегі кез келген жаңсақ мәлімет айқын көзге түседі. Өйткені сайлаушылар мен саяси партиялардың өкілдері немесе олардың жақтастары сайлаушылар тізіміне енбей қалса немесе тізімнен қате тапса, шағымдануы мүмкін.

Сайлаушыларды тіркеуге қатысты айрықша проблемалар туындаған жағдайда, ДИАҚБ сайлаушыларды тіркеу процесін толық талдау үшін сайлаушыларды тіркеу жөніндегі сарапшыны тағайындауы мүмкін. Мұндай сарапшы сайлаушылар тізімін жасау және жаңартудың электронды процедуралары мен тиісті мәліметтер базасын түсінуі үшін техникалық білімі мен тәжірибесі болуы шарт.

Терминология

Сайлауды бақылаушылар сайлаушыларды тіркеуге қатысты терминология мен процедураларды айқын түсінуі маңызды. Өйткені бұл – ең алдымен күрделі техникалық процесс. Бұл бөлімде осы саладағы жалпы қабылданған терминдер мен сайлаушыларды тіркеу процесінің қатардағы процедуралары түсіндіріледі. Сайлауды бақылау миссиясының негізгі мүшелері өз есебінде бақылау объектісін айқындағанда шатаспау үшін бірыңғай терминологияны жүйелі түрде қолдануы керек.

А. Сайлаушының жеке басын анықтау және тұрғылықты жер

Сайлауда дауыс беруге құқығы бар тұлға дегеніміз, конституция мен ел заңдарына сәйкес, нақты бір сайлауда сайлаушы болуға құқығы бар тұлға. Сайлаушының жеке басы әдетте оның аты-жөні және туған күні мен жылы арқылы айқындалады. Бірақ тұлғаның жеке басын анықтау үшін қолданылатын өзге мәліметтер де бар. Мысалы, әкенің немесе шешенің фамилиясы және туған жері. Кейбір қатысушы мемлекеттерде дүниеге келген әр азаматқа жеке сәйкестендіру нөмірі беріледі. Бұл нөмірде ашық немесе шифрмен жасырылған жеке мәліметтер болуы мүмкін. Сайлаушылар тізіміне қандай деректер енгізілсе де, ол жеке адамның басын анықтауға жеткілікті ақпарат болуы тиіс. Қандай да бір ақпарат жоқ болғандықтан (мысалы, сайлаушы өзінің туған күнін білмесе), мәлімет жеткіліксіз болса, бұл сайлаушылар тізімінің дәлдігіне теріс әсер етеді. Әсіресе әйелдер, ұлттық азшылық өкілдері, ішке қоныс аударған тұлғалар мен үйсіз тұлғалардың толық мәліметтері болмай қалып жатады.

Әдетте адамдар өздері таңдаған бір тұрғылықты жерде ұзақ уақыт тұрады. Адам тұрып жатқан жерді оның *тұрғылықты жері* деп атайды. Көп ретте адамның жеке басы мен ол дауыс беруге құқылы географиялық орын тұрғылықты жер арқылы анықталады. Бұл сайлаушы өзінің тұрғылықты жері орналасқан аумақтағы сайлау учаскесіне тіркелген деген сөз.

Тұрғылықты жер түсінігі құқықтық базада айқындалған болуы мүмкін. Кейбір қатысушы мемлекеттерде азаматтар өзінің тұрғылықты жерін еркін таңдай алса да, заңнама бойынша, тұрғылықты жерін билік органдарына ресми хабарлауға немесе сол

мекенжайда тіркелуге міндетті. Кей ретте ресми тұрғылықты жерді таңдау жылжымайтын мүлікке иелік ету, заңды тіркелген мекенжайда тұру немесе белгілі бір меншік нысанында меншік иесінің келісімімен тұру сияқты қосымша нәрселерге байланысты анықталады. Кейбір қатысушы мемлекеттер азаматтарға тұрақты және уақытша тіркелуге мүмкіндік береді.

Кей ретте дауыс беру немесе сайлану үшін адам белгілі бір тұрғылықты жерде белгілі бір мерзім тұруы керек. Мұндай жағдайда тұру мерзімі әдетте тұрғылықты жерінде тіркелген уақыттан басталады және сайлауға түсу немесе дауыс беру кезінде осы мерзім назарға алынады. Бұл ретте тұрғылықты жер бойынша тұру мерзіміне қойылған талаптар қисынды және ақылға қонымды болуы тиіс⁸.

ЕҚЫҰ-ның бүкіл аумағында қабылданған тәжірибеге сай, уақытша немесе тұрақты тіркелген мекенжай азаматтан сұрау арқылы қосымша нақтыланады. Мекенжай әдетте көше атауы мен үй нөмірі арқылы анықталады. Билік азаматты таба алатын, азамат өз еркімен таңдаған орын да мекенжай бола алады. Мекенжай туралы талап үйсіз адамдарды немесе қоныстандыру орындарында тұратын, билік заңды мәртебесі бар деп танымаған тұлғаларды сайлаушы ретінде тіркелу құқығынан айырмауы керек.

Ә. Сайлаушының мәліметтері және сайлаушылар тізімінде жазылатын деректер

Сайлауда дауыс беруге құқығы бар тұлғалардың мәліметтері – сол тұлғаны дауыс беруге құқығы бар өзге тұлғалардан ерекшелейтін мәліметтер жиынтығы. Ал сайлаушылар тізімінде жазылатын деректер – сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс беруге құқығы бар тұлғаның жеке басын сәйкестендіруге жеткілікті мәліметтер жиынтығы (дербес мәліметтерді қорғауға қатысты мәселе есепке алынады). Әдетте тізімде жазылатын деректер – сайлаушы мәліметтерінің қосалқы жиынтығы, сайлаушы мәліметтерінің бәрі бірдей тізімде жазылмауы мүмкін, ал бірақ тізімде жазылған барлық дерек сайлаушы мәліметтеріне енгізіледі. Мәліметтер және (немесе) тізімде жазылатын мәліметтер әдетте белгіден тұратын деректер. Ал белгілер әріп, сан немесе арнайы символдар болуы мүмкін.

Сайлаушылар тізімінде жазылатын деректерде (жеке-жеке жолақта жазылады) көп ретте фамилия, есім мен туған күн көрсетіледі. Онда сондай-ақ сайлаушының жеке сәйкестендіру нөмірі, тұратын үйінің нөмірі мен көшесі де көрсетілуі мүмкін. Ал сайлаушының мәліметтері әке-шешесінің фамилиясы, жынысы, туған жері, отбасы жағдайы сияқты қосымша деректерді қамтуы мүмкін. Кейбір қатысушы мемлекет-

⁸ Мысалы, Венеция комиссиясының сайлау мәселелері бойынша жағымды тәжірибесін (I бөлімі 1.1) және түсіндірме жазбасын (I бөлімі, 1.1), сондай-ақ Еуропаның адам құқықтары жөніндегі сотында қаралған «Пи Францияға қарсы» [P v. France] ісін қараңыз.

тер жеке сәйкестендіру нөмірі мен мекенжайды қорғалатын жеке мәліметке жатқызып, оны сайлаушылар тізімінде жазылатын дерекке кіргізбейді. Алайда бұл деректер сайлаушының тиісті мәліметтеріне енгізіледі.

Б. Сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімі

Сайлаушылар регистрі – белгілі бір сайлауда дауыс беруге құқығы бар бүкіл сайлаушылар мәліметтерінің жиынтығы. Осы нұсқаулықтағы регистр терминінің бірнеше сайлау учаскесінен тұратын әкімшілік бірлікке қатысы бар. Сайлаушылардың муниципалитет регистріне белгілі бір жергілікті жерде дауыс беруге құқығы бар барлық сайлаушы кіргізіледі. Ал сайлаушылардың мемлекеттік регистріне сол мемлекеттің аумағында дауыс беруге құқығы бар барлық сайлаушы кіреді. Егер сайлаушылардың жалпымемлекеттік регистрі бар болса, онда муниципалитет және аймақтық сайлаушылар регистрі сол жалпымемлекеттік регистрге кіреді.

Дәл сол сияқты көптеген қатысушы мемлекетте белгілі бір муниципалитет немесе бүкіл мемлекет аумағындағы барлық азамат пен резидент, оның ішінде шетелдік азаматтардың мәліметтері енгізілген *халық регистрі* бар⁹. Сондықтан қатысушы мемлекеттерде регистр жүйесі бар болса, сайлаушылар регистрі халық регистрінің бір бөлігі болып саналады (мәліметтер мазмұны мен регистрге жатқызылуы қажет мәліметті есепке алсақ)¹⁰. Егер халық регистрі электронды форматта болса, сайлаушылардың жеке регистрін жасаудың қажеті болмауы мүмкін. Өйткені қажет болған жағдайда қандай да бір әкімшілік бірліктің сайлаушылар регистрі халық регистрінен алынады. Дей тұрғанмен сайлаушылар регистрі термині осы нұсқаулықта жиі қолданылады. Өйткені сайлаушылар регистрі жеке-дара регистр ретінде жүретін мемлекеттер және халық регистрі жоқ мемлекеттер бар.

Ал сайлаушылар тізімінің сайлаушылар регистрінен айырмасы бар. *Сайлаушылар тізімі* белгілі бір сайлау учаскесіне тіркелген және дауыс беруге құқығы бар барлық тұлғаның жазбаларының жиынтығы. Сайлау сайлаушылар регистрінсіз өтуі мүмкін, бірақ сайлаушылар тізімінсіз өтуі екіталай. Егер сайлаушылар тізімі халық регистрі немесе сайлаушылар регистрінен алынса, онда тізімдегі жазба саны сайлаушылар регистрі немесе халық регистрінен алынған жазба санына тең болады.

В. Сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімін жаңарту

Сайлаушылар тізіміне кіргізілуі тиіс адамдар өміріндегі өзгерістерді әдетте азаматтық хал өзгерісі деп атайды. Некеге отыру немесе ажырасудан кейін фамилия

⁹ Халықты тіркеуге қатысты жетекші принциптерді қараңыз. Варшава, ЕҚЫҰ ДИАҚБ, 2009. URL: <http://www.osce.org/ru/odihr/39497?download=true>.

¹⁰ Мысалы, кәмететке толмаған тұлғалар халық регистріне кіргізіледі, бірақ сайлаушылар регистріне кіргізілмейді.

өзгеруі мүмкін, демек, жеке тұлғаның басын анықтайтын мәліметтер де өзгереді деген сөз. Сайлауда дауыс беруге болатын жасқа жеткен соң, азаматтар сайлаушылар қатарына қосылып, сайлаушылар регистрі немесе сайлаушылар тізіміне енгізілуі керек. Сайлаушы қайтыс болған жағдайда, оның мәліметтері сайлаушылар регистрі немесе сайлаушылар тізімінен жойылуы тиіс. Сонымен қатар азаматтық алған тұлғалар да сайлауда дауыс беруге құқығы бар азаматтар қатарына қосылады. Осы ретте азаматтықты тіркейтін органдар сайлаушыларды тіркеу жүйесінің жұмысына да қатыстырылуы тиіс.

Егер азамат тұрғылықты жерін ауыстырса, ол басқа сайлау учаскесінде дауыс беруі мүмкін. Ал бұл оның мекенжайы жазылған жазба немесе мәліметтері өзгертілуі керек деген сөз. Егер сайлаушы тұрғылықты жері өзгергенін билік органдарына ресми хабарламаса, онда тіркеу өзгермейді, сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерінде соңғы ресми тіркелген мекенжайы көрсетіліп, соған сәйкес сайлау учаскесінде дауыс береді.

Азаматтық хал өзгеріп, адамдар мекенжайын ауыстырған кезде, сайлаушылар тізімі мен жазбадағы мәліметтер сәйкесінше жаңартылуы тиіс. Жақсы ұйымдастырылған тіркеу жүйесінде регистрлер белгілі бір мерзім сайын жаңартылады және бұл туралы тиісті органдарға ақпарат беру жолға қойылып, қадағаланады. Сайлаушылар регистрі бірнеше мәліметтер базасына негізделсе, онда мәліметтерді жаңартуға регистрді түзіп, жүргізетін орган жауапты болуы тиіс.

Сайлауды бақылау аясында сайлаушылар регистрін жаңартуды сипаттағанда төмендегі терминдер қолданылады:

- ✎ Сайлаушылар регистріне (жаңа) мәліметтерді **қосу** – регистрге дауыс беру құқығына ие болған (мысалы, азамат 18 жасқа жетсе, азаматтық алса, шетелден қайтып оралса) жаңа сайлаушының мәліметтерін қосу деген сөз. Мұндай жағдайда жаңа сайлаушының мекенжайы қай сайлау учаскесіне қараса, сол учаскедегі сайлаушылар тізіміне жаңа жазба енгізіледі.
- ✎ Мәліметтерді **көшіру**. Сайлауда дауыс беруге құқығы бар тұлғаның мекенжайы өзгерсе, сайлаушылар регистріндегі бір сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі оның мәліметтері басқа сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне көшіріледі. Мұндай жағдайда алдыңғы сайлау учаскесі тізіміндегі сайлаушының мәліметтері өшіріліп, жаңа сайлау учаскесі тізіміне жазылады. Жалпы мемлекеттік регистрден мәліметтер де дәл осындай жолмен бір әкімшілік бірлік, муниципалитет немесе сайлау округінен басқа әкімшілік бірлік, муниципалитет, әкімшілік немесе сайлау округіне көшіріледі.
- ✎ Мәліметтерді **түзеу** сайлаушының сайлаушылар тізіміндегі дауыс берушінің мәліметтерін өзгерту дегенді білдіреді. Бірақ мекенжайды өзгерту немесе дауыс беру құқығына ие болу кезінде енгізілетін өзгерістерден айырмасы, сайлаушы белгілі бір сайлау учаскесіндегі тізімде қала береді, оның тізімдегі мәліметтері қана өзгереді.

- ✎ Мәліметтерді **бұғаттау** тұлға дауыс беру құқығынан уақытша айырылғанда қолданылады. Белгілі бір тұлғаның мәліметтері бұғатталады, бірақ регистрден өшірілмей, кейін қайта қосылуы мүмкін. Бірақ бұғаттау кезінде тиісті жазба сайлаушылар тізімінен шығарылады. Дәл сол сияқты дауыс беруге қатысу құқығы қалпына келтірілгенде, сайлаушының мәліметтері де қалпына келтіріледі.
- ✎ Ал мәліметтері **өшіру** сайлаушылар регистрінен бұған дейін дауыс беруге құқығы болған тұлғаның мәліметтерін жою деген сөз. Сондай-ақ сайлаушы қайтыс болса, азаматтықтан айырылса немесе дауыс беру құқығынан біржолата айырылса да, сайлаушылар тізімінен мәліметтері өшіріледі. Бірақ сайлаушының жазбасы мен мәліметтерін өшіргенде сақ болған жөн, өйткені мәліметтерді өшіру сайлаушыны дауыс беру құқығынан айырады.

Г. Мәліметтерді жаңарту кезінде кетуі мүмкін қателер

Сайлаушыларды тіркеу процесі кезінде абайсызда қате кетіп қалуы мүмкін. Регистр форматы (қағаз немесе электронды) мен тіркеу жүйесінің түріне қарамастан, мәліметтер мен жазбаларды жаңартқанда қатеге жол бермеу үшін ұқыпты болу керек. Әсіресе электронды регистрлердегі мәліметтердің бір символын абайсызда екінші символмен ауыстырып жібергенде, күтпеген жерден жаңа мәліметтер пайда болуы мүмкін¹¹.

Әдетте мамандар көзге түсетін үлкен және болмашы қателерді ажыратып, қатеге келгенде сайлау комиссиясының қисынды пайымына сенім артады. Бірақ бұл өзара сенім болғанда ғана іске асуы мүмкін. Дей тұрғанмен сайлау күні сайлау комиссиясының мүшесі сайлаушылар тізімінде дауыс берушінің жеке басын сәйкестендіретін құжаттағы мәліметпен сәйкес келмейтін, байқаусызда кеткен қарапайым қате үшін сайлаушыға дауыс беру бюллетенін бермейтін оқиғалар да болып тұрады. Сондықтан кішігірім қателер сайлаушылар тізімінің дұрыстығына қатысты сенімге нұқсан келтіруі мүмкін.

Сайлау күні салдары айқын қателерге мыналарды жатқызуға болады:

- ✎ Мәліметтерді **қоса алмау**, ондай жағдайда сайлаушы дауыс беру құқығынан айырылады;
- ✎ Мәліметтерді **өшіре алмаудың** кесірінен сайлаушылар тізімінде «өлі жандар» бар деген кінә тағылуы мүмкін. Сондай-ақ сайлауға дауыс берушілердің белгілі бір пайызы қатысуы керек деген талап қойылса, ол орындалмай қалуы мүмкін;

¹¹ Бұл кирилл қарпін латын қарпіне немесе керісінше транслитерация кезінде болуы мүмкін. Ондай жағдайда адамның аты-жөні әртүрлі құжатта түрліше жазылуы мүмкін.

- ✎ Мәліметтерді **көшіру** кезіндегі қате кесірінен сайлаушы тізімнен өз аты-жөнін таппай қалуы мүмкін;
- ✎ Мәліметтерді **түзеу, бұғаттау немесе қалпына келтіру** кезіндегі қателердің салдары да жоғарыда айтылғандармен бірдей болмақ;
- ✎ Мәліметтерді **қосу немесе көшіру кезінде дұрыс емес ақпарат енгізу** (мысалы, фамилия немесе атты дұрыс емес жазу немесе сайлаушыны басқа сайлау учаскесінің тізіміне енгізу), сайлаушы тізімнен табылмаса, оны сайлау құқығынан айыруға немесе мәліметтердің қайталануына әкеп соқтыруы мүмкін;
- ✎ Мәліметтерді **түзету немесе көшіру кезінде мүлде басқа ақпарат таңдалып көшірілсе**, ол да сайлаушыны дауыс беру құқығынан айырады. Мұндай жағдайда бірнеше сайлаушы дауыс беру құқығынан айырылуы мүмкін;
- ✎ **Жарамды деректердің жойылуы** (мысалы, тізімді қайталанатын мәліметтерді тазарту кезінде керек деректі жойып жіберу немесе басқа сайлаушының мәліметтерін өшіріп жіберу) де сайлаушыны дауыс беру құқығынан айырады.

Қайталанатын мәліметтер жиынтығы да қатеге жатады. Бұл регистрде бір сайлаушының мәліметтері бірнеше мәрте қайталанатын деген сөз. Егер ол мәліметтер бірдей болса, оны *дәлме-дәл қайталанатын мәліметтер* дейді. Одан гөрі бір немесе бірнеше белгіде айырма бар, бірақ мұқият зерттегенде бір сайлаушының қайталанатын мәліметтері көбірек жүреді. Тіпті бір сайлау учаскесінің тізімінде мәліметтер қайталанып кетуі мүмкін, ондай мәліметтер тізімді тексергенде көзге түсіп, анықталуы ықтимал. Бірақ әртүрлі сайлау учаскесінің тізімдерінде қайталанатын мәліметтер жүруі мүмкін. Тура сол сияқты бір муниципалитеттегі сайлау учаскесінің тізіміндегі бір мәлімет басқа муниципалитеттегі сайлау учаскесінің тізімінде қайталануы мүмкін.

Қандай да бір сайлау учаскесі сайлаушылар тізімінде мәліметтердің қайталанатынын анықталса, жан-жақты зерттеу жүргізіп, қайталанатын мәліметтер бір сайлаушыға тиесілі ме, қайталанып кеткен жазбаның қайсысы дұрыс екенін анықтау керек. Мұндай талдауға сайлаушылар регистрі, халық регистрі немесе азаматтық хал актілерінің мұрағатына жауапты билік органдарының өкілдерін қатыстыру керек. Өйткені олар осы мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.

Сайлауды бақылаушылар дауыс берушілер тізімінде кетуі мүмкін үлкен қатеге баға бергенде сақ болғаны жөн. Әдетте мәселені сол мезетте толық түсініп, сәйкессіздік себептерін бірден талдап анықтау мүмкін емес. Сайлауды бақылау кезінде жазба жоқ болып шықса немесе керісінше қайталанып кетсе, бақылаушылар билік органдары бұл мәселені қалай шешетінін анықтауға тырысуы керек. Бақылаушылар туындаған мәселе мен оны шешу жолдарын өз есептерінде көрсетуі қажет.

Д. Сайлаушылар регистрін жабу

ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттердің заңнамасы бойынша, сайлаушыларды тіркеу сайлауға белгілі бір уақыт қалғанда аяқталуы тиіс. Сайлаушыларды тіркеу мерзімі аяқталған соң, сайлаушылар регистрі жабылады. Одан кейін мәліметтер түзетілмейді. Алайда кейбір қатысушы мемлекеттерде тіпті сайлау күні мәліметтер белгілі бір шартпен өзгертіледі.

Сайлаушыларды тіркеуді аяқтау көбіне-көп сайлаушылар тізімдерін қоғамдық тексерумен қатар жүреді (төменде қараңыз). Тіркеу аяқталған соң, мемлекет, муниципалитет пен сайлау учаскесінде тіркелген сайлаушылар санын жария етуге болады. Сайлаушыларды тіркеу туралы ақпаратты сайлау күніне дейін көпшілікке жария ету сайлауға түсетін кандидаттарға септігін тигізеді және сайлау процесінің ашықтығын арттырады.

Тіркеуді жабу сайлаушыларды тіркеуге жауапты органға сайлаушылардың алдын ала тізімдеріне өзгеріс енгізу туралы лауазымды тұлғалар мен сайлаушылардың ұсыныстарын талдауға мүмкіндік береді. Одан кейін сайлаушылардың алдын ала тізіміне өзгерістер енгізіліп, сайлаушылардың қорытынды тізімі жасалып, сайлау учаскесіне жеткізіледі.

Сайлау күні немесе сайлау күніне аз уақыт қалғанда сайлаушылар тізіміне өзгеріс енгізу рұқсат етілетін ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің заңнамаларында тізімге өзгеріс енгізу жайлы өтініш түсірудің соңғы мерзімі көрсетіледі. Ақырғы мерзім белгілеудің мақсаты – тиісті лауазымды тұлғаларға сайлаушылардың қорытынды тізімін уақытылы жасап бітуге мүмкіндік беру. Алайда заңнама сайлау комиссиясы мүшелеріне сайлау күні сайлаушылардың қорытынды тізіміне азамат тұлға сайлау учаскесіне келіп, сол учаскеде дауыс беруге құқығы бар екенін дәлелдей алған жағдайда ғана өзгеріс енгізуге рұқсат етеді. Ол үшін дауыс беруге құқығы бар тұлға дәлел ретінде өз мекенжайы көрсетілген жеке басын куәландыратын құжат, дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі немесе сайлаушының дауыс беру құқығын растайтын сот шешімін ұсынуы тиіс.

Сайлаушылардың қосымша тізімі. Сайлаушылар регистрі жабылған соң, сайлау күні немесе сайлауға дайындық кезінде тізімге қосылған сайлаушылардың мәліметтерін сайлаушылардың қосымша тізімі деп атайды. Ашықтықты сақтау үшін сайлаушылардың қосымша тізіміндегі жазбалар сайлау учаскесінің хаттамасында бөлек жолда көрсетіледі. Бұл сайлауға дейін және сайлау күні тіркелген дауыс берушілердің саны туралы мәліметті бөлек көру үшін керек. ЕҚЫҰ-ға қатысушы кей мемлекеттердің заңнамасында сайлаудан кейін бүкіл елдегі сайлаушылар тізіміне тексеріс жүргізіп, сайлаушылардың қосымша тізімі көп мәрте дауыс беруге заңсыз қолданылған-қолданылмағанын анықтау қарастырылған. Сайлаудан кейін дауыс берушілердің қосымша тізімін сайлаушылар регистрі немесе халық регистріне қосу лауазымды тұлғалардың ерекше назарын талап етеді, өйткені бұл ақпаратты енгізу сайлаушылар регистрінің дәлдігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Е. Халықты тіркеу және халық санағы

Халық санағы кезінде елдегі халық, үй шаруашылықтары, экономика, демографиялық ахуалдың жай-күйін білуге болады. Санақ алдыңғы санақтағы үрдістер қалай өзгергенін көрсететін пайдалы ақпарат бергенімен, бұл тура санақ жүрген уақытта ғана дәл ақпарат екенін ескерген жөн. Халық санағы белгілі бір мерзім сайын, әдетте он жылда бір рет жүргізіледі. Бұл нұсқаулықтағы санақ ұғымын халықты санау деп түсіну керек. Бір санақ пен екінші санақ аралығындағы демографиядағы өзгерістерді статистика, азаматтық хал актілеріндегі мәліметтер немесе тұрақты түрде жаңартылатын халық регистріндегі деректерден қарап білуге болады.

Халықты тіркеу ресми құжаттарға және азаматтардың жеке мәліметтерін тұрақты түрде жаңартуға негізделеді. Бұл жеке тұлғаның азаматтық ахуалы өзгерген сайын, мысалы, адам туылғанда, қайтыс болғанда, азаматтыққа ие болғанда немесе керісінше айырылғанда, некеге отырғанда, ажырасқанда немесе тұрғылықты жерін өзгерткенде іске асады. Кез келген тіркеу шаралары кезінде азаматтық халдың өзгеруі қалай жазылады, азаматтық хал актілерін тіркеу түпнұсқасы қайда сақталды және белгілі бір тұлғалардың азаматтық халының өзгеруі қандай мекемелерге ресми хабарланатыны мұқият жоспарланып, ойластырылуы керек.

Халық санағы пен халықты тіркеудің арасында бірқатар айырма бар.

Халық санағы кезінде:

- ✎ Санақшылар санақ кезінде анықтаған барлық тұлға тіркеледі. Бірақ тұрғылықты жерінде болмай қалғандар есепке алынбай қалуы мүмкін;
- ✎ Әдетте жеке басын анықтау талап етілмейді;
- ✎ Сол уақытта тұрып жатқан жері негізге алынады.

Ал халықты тіркеу:

- ✎ Ұзақ уақыт аралығында жүргізіледі және елде уақытша тұрып жатқан шетел азаматтары есепке алынбайды;
- ✎ Мәліметтерді қорғау ережесін қатаң сақтай отырып, елдегі барлық азамат туралы нақты жеке мәлімет жиналады;
- ✎ Нақты терминдер қолданылады. Мысалы, уақытша немесе тұрақты тіркелген мекенжай немесе/және елдің заңнамасында анықталғандай, тұрып жатқан жері.

Санақ мәліметтері сайлауды бақылаушыларға елдегі демографиялық көріністі шамалап білуге көмектеседі. Санақ мәліметтеріне негізделген статистикалық деректердің

арқасында кез келген әкімшілік бірлікте дауыс беруге құқығы бар азаматтардың пропорциясын есептеуге болады. Артынша осы мәліметтерді ресми тіркелген сайлаушылар санымен салыстыруға болады. Бұл ақпарат бақылаушыларға септігін тигізуі мүмкін. Алайда халық санағы мен тіркеу әдістерінде айтарлықтай айырма бар болғандықтан, мұндай мәліметтерді салыстырғанда мұқият болған жөн.

Сайлаушыларды тіркеу жүйесінің жалпы сипаттамасы

Сайлауды бақылаушылар ең алдымен сол елдегі сайлаушыларды тіркеу жүйесінің негізгі ерекшеліктерін түсініп алғаны жөн. Өйткені ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің сайлаушыларды тіркеу жүйесі әрқилы. Бақылаушылар сайлаушыларды тіркеу процесі жайлы қандай ақпаратқа қол жеткізе алатыны көп ретте тіркеу жүйесінің түрі мен тіркеу мерзіміне байланысты. Бұл бөлімде сайлаушыларды тіркеу жүйесі түрлерінің негізгі ерекшеліктері мен олардың ара-жігін ажырату әдістері түсіндіріледі. Бұл сайлауды бақылаушыларға дауыс берушілерді тіркеуді бағалау әдісін жетілдіруге көмектеседі.

А. Сайлаушыларды белсенді және бәсең тіркеу

Сайлаушыларды тіркеудің «белсенді» жүйесінде дауыс берушілер тиісті билік органдарында сайлауға қатысу үшін тіркелуі керек. Бұл тура сайлау алдында немесе тұрақты түрде жасалуы мүмкін. Яғни «белсенді» жүйеде дауыс берушінің фамилиясы сайлаушылар тізіміне ол тіркеу туралы шешім қабылдаудың нәтижесінде енгізіледі. Мұндай жүйеде тіркелу үшін сайлаушы тиісті тіркеу бланкілерін толтырып, белгілі бір мерзім ішінде оны тиісті органға тапсыруы керек. Немесе сайлаушылар тізіміне қосылу үшін дауыс берушіден басқа іс-әрекет талап етілуі мүмкін.

Сайлаушыларды тіркеудің «бәсең» жүйесінде дауыс берушілер сайлаушылар тізіміне ену үшін ештеңе істемейді. Яғни «бәсең» жүйеде сайлаушы автоматты түрде дауыс берушілер тізіміне енгізіледі, одан белгілі бір әрекет талап етілмейді. Бұл сайлаушылар тізімі билік органдары жалпы мемлекеттік және муниципалдық деңгейде сақтап, жаңартып отыратын мәліметтер негізінде жасалады деген сөз. Сайлаушыларды тіркеудің бәсең жүйесінде дауыс берушілердің жеке мәліметтері жергілікті

билік органдарындағы азаматтық хал актілерінің регистрінен шығарылады. Ондай жағдайда бастапқы мәліметтер (мысалы, халық регистрі, азаматтық хал актілерінің тізімі, төлқұжат регистрі, жеке басты анықтайтын мәліметтер базасы) сайлаушылар регистрінің сапасына әсер етеді.

Бәсең жүйе сайлаушыларды тіркеу толығымен автоматтандырылған және азаматтардың өздері тіркелу үшін ештеңе істемейді деген жаңсақ пікір тудыруы мүмкін. Алайда, шын мәнінде олай емес, өйткені азаматтардың жеке мәліметтері немесе тұрғылықты жері өзгерсе, оны билік органдарына дер кезінде хабарлауы айрықша маңызды.

Ә. Сайлаушыларды тұрақты және мерзімді тіркеу

Кейде сайлаушыларды тіркеудің әкімшілік жүйесін тұрақты және мерзімді деп бөледі. Тұрақты тіркеу жүйесінде регистрлер адамның азаматтық хал мәліметтері өзгерген сайын жаңарады. Сайлаушылар билік органдарына мәліметтері өзгергенін кез келген уақытта хабарлай алады. Әдетте ол үшін мұны әкімшілік органдарға хабарлау керек. Мұндай жағдайда жауапты билік органдарында бұған сәйкес хабарлау жүйесінің жұмысы жолға қойылғаны маңызды. Тіркеудің бәсең жүйесі сайлаушыларды тұрақты тіркейтін жүйеге жатады.

Сайлаушыларды тіркеудің мерзімді жүйесінде мәліметтер белгілі бір мерзім сайын жаңартылады немесе жаңадан дайындалады. Бұл сайлау алдында немесе белгілі бір жылдар аралығында бір рет жасалуы мүмкін. Айрықша жағдайда, мысалы, конфликтіден кейінгі жағдайда тіркеуді жаңартып, сайлауда дауыс беруге құқығы бар тұлғалардың аты-жөндерін жаңа регистрге қосу да мерзімді тіркеуге жатады. ЕҚЫҰ-ға қатысушы бірқатар мемлекеттің заңнамасы бойынша, азаматтардың дауыс беру құқығына қатысты мәліметтері (мысалы, тұрғылықты жері ауысса немесе дауыс беруге құқығынан айырылса немесе керісінше, дауыс беру құқығы берілсе) өзгерсе, әр жылдың белгілі бір уақыты аралығында оны хабарлауға мүмкіндік беріледі. Сайлаушыларды тіркеудің белсенді жүйесі әдетте мерзімді тіркеуге негізделгенімен, кейде белсенді жүйеде тұрақты тіркеу жүйесі де қолданылуы мүмкін (мысалы, әкімшілік органдар сайлаушылардан кез келген уақытта тіркеу мәліметтерін өзгерту немесе жаңадан тіркелу туралы өтініштер қабылдай беретін елдерде).

Тіркеудің мерзімді жүйесі қолданылатын ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір елдердің билігі сайлауға дайындық кезінде сайлаушылар регистрін жаңартуды қажет деп санауы мүмкін. Ондай жағдайда сайлаушыларды тіркеу үшін пәтерлерді аралап шығу керек немесе сайлаушылардың тіркеу туралы өтініштері қабылданатын арнайы орын ашылуы мүмкін. Сайлауды бақылаушылар осы науқан халықты жеткілікті дәрежеде қамти ма, тіркеу жүргізілетін ғимараттар қолжетімді ме, тіркеу бланкілері бар ма, осыны анықтауы керек.

Б. Қағаз және электронды регистрлер

Сайлаушылар регистрі немесе азаматтық хал актілерінің регистрлері қағаз немесе электронды форматта болуы мүмкін. Жалпыға бірдей электронды регистр сайлаушыларды тіркеу процесінің дәлдігін қамтамасыз етеді, бірақ кей елдерде бұл тәсілді қолдану мүмкін емес. Сайлаушылар тізімі мен сайлаушылардың қағаз түріндегі регистрі тура сондай нақтылықты қамтамасыз ете алмайды. Қағаз регистрлердегі мәліметтер қайталанып кеткенін анықтау үшін жазбаларды салыстыру қиын әрі жаңарту да оңай емес.

Азаматтық халдың электронды регистрлері немесе сайлаушылардың регистрі муниципалитет немесе белгілі бір әкімшілік бірлікте құрылуы немесе орталықтандырылуы мүмкін. Екінші жағынан муниципалитетте жасалған регистрді онлайн-сервис арқылы жалпы мемлекеттік регистрге қосып, тексеріс жасап, қайталанатын деректерді анықтауға болады. Желідегі мәліметтер базасымен жұмыс істегенде түрлі әкімшілік бірліктердің бір бағдарламаны қолдағаны маңызды.

Сайлаушыларды тіркеудің бәсең жүйесінде сайлау белгіленген кез келген уақытта халықтың электронды регистрінен сайлаушылар регистрі немесе/және белгілі бір сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың алдын ала немесе қорытынды тізімін алуға болады. Тіркеудің белсенді жүйесінде де электронды регистрлерді қолданған тиімді, өйткені оңай жаңартып, қандай да бір мәліметтің түсіп қалғанын немесе қайталанатынын тексеруге болады. Сайлаушылар Интернет арқылы өздерінің жеке мәліметтеріне қол жеткізе алса, дауыс берушілерді тіркеу нақты бола түседі. Бірақ мәліметтерді қорғау мен қауіпсіздікке кепілдік беру үшін бұл әдіс реттеуді талап етеді. Кей елдерде сайлау комиссияларының мүшелері сайлаушылар тізімін компьютерде тексереді, бұл дауыс беру процесін тездетеді.

В. Сайлаушыларды тіркеу кезіндегі әкімшілік өкілеттілік

Сайлаушыларды тіркеу жүйесін бұл процесті қандай әкімшілік орган қадағалап, жүйеге қызмет көрсететініне қарай бөліп, топтастыруға болады. ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттердегі сайлаушыларды тіркеудің ереже тәртібі әртүрлі. Бұл процестің әртүрлі аспектісіне түрлі мекемелер жауапты болуы мүмкін. Әсіресе сайлаушыларды тіркеу мәліметтері жеке-дара емес, мемлекет жүргізетін басқа мәліметтер базасына кіретін қосалқы деректер болса, бұған түрлі орган жауапты болмақ. Заңнамалық базада сайлаушыларды тіркеуге қатысатын органдар мен тұлғалардың өкілеттері анық ажыратылып көрсетілуі керек. Сайлаушыларды тіркеуге жауапты әкімшілік органдар мәліметтерді жіберіп, басқа мәліметтермен алмасу үшін оларда қаржы жеткілікті болуы тиіс.

Әдетте халық регистрі мен сайлаушылар регистрі және сайлаушылардың тізімін жасау мен оған ары қарай қызмет көрсету әкімшілік міндетке жатады. Сондықтан бұған атқарушы билік жауапты болғандықтан, көп ретте оны жергілікті атқарушы

органдар іске асырады. Бәсең тіркеу жүйесінде жергілікті билік органдарының лауазымды тұлғалары сайлаушылар тізімін жасау мен жаңартуға жауапты болмақ. Тізім жасалып біткен соң, сайлауға дейін сайлау өткізуге жауапты органға тапсырылады. Бірақ сайлау органдары бұл мәліметтерді тексеріп, сайлауға дейін сайлаушылар тізіміне қатысты апелляцияларды қарауға қатыса алуы мүмкін.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір елдерде сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімін жасау немесе жаңарту сайлауға жауапты органдарға тапсырылады. Басқа мемлекеттік базалар немесе іс-шараларға қатысы жоқ белсенді тіркеу жүйесінде әдетте сайлаушыларды тіркеу сайлау органдарына жүктеледі. Мұндай жағдайда заңда сайлау органына сайлау алдында немесе тұрақты түрде жергілікті деңгейде уақытша тіркеу орталықтарын құруды міндеттейтін баптар болуы мүмкін. Басқа жағдайда тіркеу туралы өтініштерді халыққа қызмет көрсететін өзге органдар қабылдап, артынша ол мәліметті өңдеуді сайлауға жауапты органға тапсыруы мүмкін.

Ал сайлауға атқарушы билік органы, мысалы, ішкі істер министрлігі жауап беретін елдерде сол атқарушы орган жалпы мемлекеттік халық регистрі мен сайлаушылар регистрін жасауға да жауапты болуы мүмкін. Сайлаушылар регистрін жасауға әділет министрлігі, мемлекеттік полиция немесе мемлекеттің статистика бюросы сияқты орталық ведомстволар да қатысуы мүмкін. Процеске бірнеше мекеме қатысқан жағдайда, қандай мекеме мәліметтерді біріктіру, жаңарту мен тексеруге жауапты екенін анықтау керек. Егер бір тұлға жайлы мәлімет әр мекемеде әртүрлі болса, онда қай мекеменің мәліметтері басымдыққа ие екені нақты анықталуы керек.

Тұрғылықты жері бойынша дауыс бере алмайтын сайлаушыларға дауыс берудің айрықша механизмдерін ұсынатын елдерде арнайы сайлау учаскелерінде дауыс беретін сайлаушылар тізімін жасауға заң бойынша басқа ведомстволар қатысуы мүмкін. Мұндай органдарға сыртқы істер министрлігі (елшілік қызметкерлері және/немесе шетелде тұратын азаматтар үшін), қорғаныс министрлігі (әскери қызметкерлер үшін), ішкі істер министрлігі (сайлау күні қоғамдық тәртіпті бақылайтын полицейлер үшін), әділет министрлігі (түрмедегі тұтқындар немесе ұсталғандар үшін), денсаулық сақтау министрлігі (стационардағы науқастар және/немесе әлеуметтік қызмет көрсету мекемелеріндегі тұлғалар үшін) және теңізді бақылайтын органдар (кеме экипаждары үшін) жатады.

Сайлаушыларды тіркеу жүйесінің жалпы сипаттамасы

Сұрақтар:

- Тіркеу жүйесі белсенді ме, әлде бәсең бе?
- Тіркеу жүйесі тұрақты ма, әлде мерзімді ме?
- Сайлаушылар регистрі қағаз түрінде ме, әлде электронды форматта ма?
- Электронды мәліметтер қайда сақталған: жергілікті билік органдарының жеке-дара жүйесінде бе, әлде жалпы мемлекеттік мәліметтер базасының желісінде ме?
- Сайлаушылар регистрі дербес регистр ме, әлде ол басқа регистр, мысалы, халық регистрінен алынған ба?
- Сайлаушылар регистрі әр сайлау сайын жаңадан жасала ма, әлде қолданыстағы регистр тұрақты түрде жаңартыла ма?
- Өкілеттіктер анық бөлінген бе және лауазымды тұлғалар кім неге жауапты екенін түсіне ме?
- Сайлаушыларды тіркеу туралы мәліметтерді кім жинап, сақтайды: жергілікті билік органдары ма, сайлау органы ма, әлде басқа мемлекеттік мекеме немесе мекемелер ме?

Сайлаушыларды тіркеудің заңнамалық базасы

Сайлауды бақылаушылар сайлаушыларды тіркеу жүйесін түсіну үшін ең алдымен қолданыстағы заңдар мен нормативтік ережелерді зерттеуі керек. Бұл бөлімде сайлаушыларды тіркеудің заңнамалық базасын қалай бағалау керектігі жайлы ұсыныстар беріледі¹². Заңнамалық базаны неғұрлым ерте бағалаған дұрыс, өйткені бұл сайлауды бақылау жөніндегі миссия аясында сайлаушыларды тіркеу процесін бақылауды жоспарлау үшін керек.

А. Заңнаманы бағалаудың мақсаты

ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің сайлауда дауыс беру мен сайлаушыларды тіркеуді реттейтін заңнамасы әртүрлі болып келеді және бір-бірінен едәуір ерекшеленеді. Сайлаушыларды тіркеу тәртібі мемлекеттің әкімшілік құрылымы мен мына салалардағы дәстүрімен тікелей байланысты: (а) сайлау өткізу; (ә) азаматтардың жеке тұлғасын анықтау; (б) сайлаушының жеке тұлғасы мен ол дауыс беруі тиіс орын арасындағы байланысты нақты анықтау; (в) жеке мәліметтерді құпияда ұстау.

Заңнамалық база, оның ішінде сайлаушыларды тіркеуге қатысты баптарды талдау құқықтық мәселеге жауапты сарапшыға жүктелсе, бұл баптардың қалай іске асатынын сайлау мәселесіне жауапты сарапшы талдайды. Құқықтық мәселелерге жауапты сарапшы сайлаушыларды тіркеу туралы жазылған заңдарды барынша толық әрі терең түсіну үшін бірқатар заңды зерттеп талдауға дайын болуы тиіс. Ол сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімін жасауға қандай әкімшілік органдар жауапты екенін анықтап, тиісті мекемелерден әкімшілік қаулыларды сұратып алдыруы керек.

12. Сондай-ақ Сайлауды бақылаудың заңнамалық базасын талдау жөніндегі нұсқаулықты қараңыз. ЕҚЫҰ, ДИАҚБ, 2001. <http://www.osce.org/ru/odihr/elections/13960>.

Атап айтқанда, құқықтық мәселелерге жауапты сарапшы дауыс беруге қатысу құқығы қандай негізде берілетінін, сайлаушылар тізімін жаңарту мен қайта қарау тәртібін және заңнамалық базада жеке мәліметтерді қорғаудың қандай ережелері бар екенін бағалауы керек.

Заңнамалық база ең кемінде жалпыға бірдей және тең сайлау құқығына кепілдік беру стандартына сай келуі тиіс. «Жалпыға бірдей» сайлауда дауыс беруге құқығы бар әр тұлғаға сайлау құқығына кепілдік берілуі керек, ал «тең» дауыс беруге құқығы бар барлық азаматтың даусы бірдей деген сөз. Бұдан бөлек құқықтық база сайлау құқығын іске асыру кезінде кемсітпеу принципінің сақталатынына кепілдік беруі керек.

Жалпы, сайлаушыларды тіркеудің заңнамалық базасында мыналар қамтылуы мүмкін:

- ✎ Конституция баптары;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеуді реттейтін сайлау туралы заңның (заңдардың) баптары;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеуге тікелей қатысы бар заңдар;
- ✎ Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы заңдар (қолдануға болатын болса);
- ✎ Басқа тиісті заңнамалық актілер, мысалы, тіл туралы немесе азаматтық туралы заңдар;
- ✎ Заң талаптарын орындау тәртібін белгілейтін әкімшілік ережелер мен нормалар.

Мемлекеттің конституциясы – азаматтық пен адам жасының негізінде сайлау құқығын белгілейтін негізгі құжат (жалпы ережелер түрінде). Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 25-бабында жалпыға бірдей сайлау құқығын сақтау стандарттары жайлы жазылған: «Әр азамат тікелей өзі, сондай-ақ ерікті түрде сайланған өкілдері арқылы, мемлекет ісін жүргізуге қатысуға» және «сайлаушылардың еркін білдіру бостандығын қамтамасыз ететін жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы негізінде өткізілетін шынайы мерзімді сайлауда дауыс беру және өзі сайлануға құқығы бар». Сонымен қатар жалпы тәртіптегі №25 ескертуде «осы құқықтарды іске асыру кезінде азаматтарды нәсілі, терісінің түсі, жынысы, тілі, діні, саяси немесе басқа көзқарасы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, мүлік жағдайы, туылуы немесе басқа жағдайға қарап алалауға болмайды» делінген.

Конституцияда өкілдік жүйесінің өзге элементтері, мемлекеттің әкімшілік бөлінісі мен сайлау учаскелерін құрудың негізгі критерийлері жазылуы мүмкін. ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттерде жергілікті сайлауға шетел азаматтарының қатысуына рұқсат етіледі. Мұндай ережелер сайлаушыларды тіркеу тәртібіне әсер етуі мүмкін.

Сайлаушыларды тіркеу ережелері әдетте сайлау заңнамасында жазылады. Бірақ кейбір қатысушы мемлекеттерде сайлаушыларды тіркеу туралы бөлек заңдар болуы

мүмкін. Федералды жүйеде сайлаушыларды тіркеу туралы құқықтық ережелер федералды немесе әкімшілік-аумақтық бірлік заңнамасында жазылуы мүмкін. ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір елдерде сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімі халық регистрі және тиісті заңнамаға тікелей байланысты. Кейбір елдердегі тіл туралы заңдар азаматтықты алуға, сондай-ақ ұлттық азшылық өкілдерінің сайлаушыларға арналған мәліметті туған тілінде алу құқығына әсер етуі мүмкін.

Сайлаушыларды тіркеуге жауапты ведомствоның әкімшілік қаулылары да заңнамалық базаның маңызды бөлігі, себебі бұл қаулыларда сайлаушыларды тіркеу тәртібі егжей-тегжейлі жазылған. Бірақ әкімшілік талаптардың сайлауда дауыс беру құқығын шектемеуі керек.

Ә. Дауыс беру құқығы

Жалпыға бірдей сайлау құқығы әрбір адамның сайлауда дауыс беруге құқығы бар екенін білдірсе де, халықаралық стандарттар бойынша, дауыс беру құқығы белгілі бір негіз бойынша беріледі. Сайлауда дауыс беру құқығын беретін жалпыға ортақ талаптар – азаматтық, дауыс беру жасына жету, тұрғылықты жер және азаматтың заңда көрсетілген негізде немесе сот шешімімен сайлау құқығынан айырылмауы. Дауыс беру құқығымен қатар азаматтың сайлауға түсу құқығы қатар жүреді. Құқықтық мәселелерге жауапты сарапшы дауыс беру құқығы қандай негізде берілетінін және азамат қандай жағдайда айырылып қалуы мүмкін екенін анықтап, мұқият зерттеуі керек.

1. Азаматтық

Азаматтық – ЕҚЫҰ-ға мүше елде мемлекеттік қызметке сайлану үшін немесе сайлауда дауыс беру құқығын алу үшін қажет негізгі талап. Кейбір қатысушы мемлекеттерде басқа елден келген тұлғаға азаматтық берілген жағдайда, ол азаматқа дауыс беру құқығына кепілдік берілгенімен, жоғары мемлекеттік лауазымдарға сайлану құқығы берілмейді. Қос азаматтығы бар азаматтар көбіне-көп сайлауда дауыс беруге және сайлануға құқығы бар, бірақ кейбір мемлекеттерде олардың сайлану құқығы шектелген. Жалпы, азаматтықты айқындау ЕҚЫҰ-ға қатысушы әр мемлекеттің дербес құқығы¹³.

ДИАҚБ сайлауды бақылау миссиясы аясында азаматтық мәселесін сирек қарастырады. Дегенмен азаматтық туралы және басқа ел азаматтарына азаматтық беру туралы заңдар дауыс беру және сайлауға түсу құқығына тікелей әсер ететіндіктен, бұл заңдар азаматтық алу мен қоғамдық өмірге қатысу (оның ішінде ұлттық азшылық өкілдеріне) құқығын бере ме, әлде керісінше шектеу қоя ма, соны анықтау керек.

Сайлаушылар регистрі халық регистрінен алынатын мемлекеттерде сайлауды бақылаушылар азаматтығы барлар мен азаматтығы жоқтардың сайлауға қатысу

¹³ ДИАҚБ-ның «Tanase and Chirtoaca v. Moldova» (Танасэ және Киртоакэ Молдоваға қарсы) ісі бойынша шешімі. Азаматтық талаптар бойынша шектеулер сайлану құқығын бұзады. <http://echr.ketse.com/doc/7.08-en-20081118/view/>.

құқықтарын анықтап алуы керек, өйткені сайлаушылар регистрі мен тізімге дауыс беруге құқығы бар азаматтар ғана кіргізіледі. Бұл әсіресе сайлау құқығы сайлау түріне қарай өзгеріп тұратын елдерде маңызды.

Еуроодаққа мүше мемлекеттердің азаматтары Еуроодаққа мүше басқа мемлекеттің аумағында тұрақты түрде тұратын болса, Еуропа парламентіне сайлауда дауыс беруге және сайлануға¹⁴, сондай-ақ жергілікті билік органдарына сайлауға дауыс беріп, сайлауға түсуге құқығы бар¹⁵. Бірақ ол азаматтардың жалпымемлекеттік сайлауға қатысуға құқығы жоқ. ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттерде сол елдің аумағында заңды түрде тұрып жатқан шетел азаматтарына жергілікті сайлауға қатысуға рұқсат етіледі. Бірқатар мемлекеттің заңнамасы бойынша, ондай сайлауға қатысқысы келетін шетел азаматтары сайлаушылар тізіміне қосу туралы өтінішті тиісті органға өздері түсіруі керек. ЕҚЫҰ-ға қатысушы басқа елдерде ондай азаматтар сайлау тізіміне жалпымемлекеттік деңгейде жасалған басқа мәліметтер базасының негізінде автоматты түрде енгізілуі мүмкін.

2. Жас шектеуі

ЕҚЫҰ-ға қатысушы барлық мемлекетте сайлау құқығына жас шектеуі бар. Көп ретте бұл талап кәмілет жасына сәйкес келеді. ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің көпшілігінде дауыс беру жасы 18 бен 21 жас аралығынан басталады. Кей елдерде дауыс беру жасы сайлау түріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Сайлауда дауыс беру жасына жету күнін әр елдің заңы әрқалай анықтайды. ЕҚЫҰ-ға қатысушы көптеген елде азамат сайлау өтетін күнге дейін дауыс беретін жасқа жетуі керек. Мұндай әдіс азаматтарға сайлау құқығын беруге ықпал етеді. Бірақ басқа мемлекеттерде азамат сайлаушыларды тіркеу мерзімі аяқталғанша сайлау құқығын беретін жасқа жетуі керек.

Сайлаушыларды тіркеудің бәсең жүйесінде алғаш рет дауыс беретін сайлаушылар автоматты түрде сайлаушылар тізімі мен регистріне қосылуы керек. Ал тіркеудің белсенді жүйесінде алғаш рет дауыс беретіндер сайлаушы ретінде тіркелу үшін әкімшілік процедуралардан өтеді. Мұндай жағдайда саяси партиялар сайлаушыларды тіркеуге үндейтін ақпараттық кампанияларды жиі жүргізеді. Сайлау мәселесіне жауапты сарапшы дауыс беретін жасқа жеткен тұлғалар процедураларға сай сайлаушылар тізіміне қосылған-қосылмағанын тексеруі керек.

14 Council Directive 93/109/EC of 6 December 1993 (94/80 директива/Еуропа одағы кеңесі) http://eur-lex.europa.eu/smartapi/cgi/sga_doc?smartapi!celexapi!prod!CELEXnumdoc&lg=EN&numdoc=31993L0109&model=gui chett.

15 Council Directive 94/80/EC of 19 December 1994 [Директива / Еуропа одағы кеңесі]. URL: <http://eur-lex.europa.eu/LexUriServ/LexUriServ.do?uri=CELEX:31994L0080:en:NOT>. Сондай-ақ Еуропа одағы негізгі құқықтарының хартиясы, «Азаматтық» атты V бөлімнің 40-бабын қараңыз. www.europarl.europa.eu/charter.

3. Тұру мерзімі

Тұру мерзіміне қойылатын талап бойынша, сайлаушыға сайлауға қатысу құқығы ол тіркелген тұрғылықты мекенжайда белгілі бір мерзім тұрған жағдайда беріледі. Яғни сайлаушы бұл мекенжайда сайлау өтетін күн немесе белгіленген басқа күнге дейін белгілі бір мерзім тұруы тиіс. Мұндай талаптар күрделі мәселелер тудыруы мүмкін. Атап айтқанда, жергілікті билік органы немесе мажоритар сайлау жүйесінде парламент сайлауында белгілі бір сайлау округінде дауыс беру үшін белгілі бір ауданда тұру керек. Тұру мерзімінің ұзақтығына қойылатын талап сайлау түріне байланысты өзгеруі мүмкін.

Тұру мерзіміне қойылатын талап көп ретте сайлауға аз уақыт қалғанда тұрғылықты жерін ауыстырған сайлаушылардың құқығына әсер етеді. ЕҚЫҰ-ға қатысушы бірқатар елде жаңа тұрғылықты жеріне қарасты сайлау округінде дауыс бере алмайтын сайлаушылар бұрын тұрған жеріндегі сайлау учаскесінде дауыс бере алады. Көп ретте дауыс беру құқығымен салыстырғанда, сайлауға түсу құқығы берілуі үшін тұрғылықты жерде ұзағырақ тұру туралы талап қойылады.

Бірнеше қатысушы мемлекетте дауыс беруге құқығы бар азаматтарға сайлау округіндегі кез келген сайлау учаскесінде дауыс беруге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда сайлаушы басқа учаскеге барып, екінші мәрте дауыс бермеуі үшін қосымша қорғаныс шаралары қолданылады. Мысалы, сайлаушының саусақтарын сиямен белгілеу немесе дауыс беруден кейін сайлаушының тұлғасын куәландыратын құжатқа мөр қойылуы мүмкін. Бірақ сайлау округіндегі сайлаушылар регистрі электронды форматта, ал сайлаушылар тізімдері желідегі құжат түрінде болса, онда мұндай қорғаныс шаралары қолданылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда сайлау округіне қарасты барлық сайлау учаскесінде белгілі бір сайлаушының дауыс берген-бермегенін тексеріп, көп мәрте дауыс беру әрекетінің алдын алуға болады.

Кейбір қатысушы елдерде шетелде тұратын сайлаушылар дауысын шетелге кеткенге дейін тіркелген сайлау учаскесіне жібереді.

4. Сайлау құқығынан уақытша айыру

Жалпыға бірдей сайлау құқығына қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес, сайлау құқығынан айыруды екі себеппен ғана негіздеуге болады: сот адам әрекетке қабілетсіз деген шешім шығарса немесе ауыр қылмыс үшін сотталған жағдайда, сайлау құқығынан айырылады. Жалпы тәртіптегі №25 ескертуде Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пактінің 25-бабында жазылған стандарттар былайша түсіндіріледі:

«...Сайлау құқығынан айыру себептері объективті және негізді болуы тиіс. Егер дауыс беру құқығынан қылмыс үшін сотталғанына байланысты айырылса, онда дауыс беру құқығынан айыру мерзімі жасаған қылмыстың ауырлығы мен үкімге сәйкес болуы керек. Бас бостандығынан айырылған, бірақ әлі сотталмаған тұлғаларды сайлау құқығынан айыруға болмайды...»

Сонымен қатар ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 24-тармағында: «Демократиялық қоғамда құқықтар мен бостандықтар тек заң ережелері бойынша шектеле алады және мұндай шектеу заң көрсетілген мақсатқа сай болуы тиіс», – делінген.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы бірнеше мемлекетте әлі күнге дейін тұтқындар ғана емес, жаза мерзімін өтеп шыққан және ұсталып, уақытша қамау абақтысына қамалған тұлғалар сайлау құқықтарынан айырылған. Құқықтық мәселе жөніндегі сарапшы қатысушы мемлекеттегі сайлау құқықтарынан уақытша айырудың барлық жағдайы мен процедурасын, сондай-ақ бұл шешімді қайта қарау процесін мұқият зерттеп шығуы керек. Сонымен қатар сайлау мәселесі жөніндегі сарапшы сайлау құқығынан уақытша айыру мен сайлаушылар тізіміндегі мәліметтер мен жазбаларды қалпына келтіру іс жүзінде қалай іске асатынын бағалауы керек. Бұл азаматтарды сайлау құқығынан заңсыз айыру жағдайларын анықтау үшін қажет¹⁶.

Халықаралық стандарттар мен озық тәжірибеге сәйкес, сайлау құқығынан айыруға белгілі бір шектеулер қойылуы керек. Ол мынандай талаптар болуы тиіс:

- ✎ Сайлау құқығының шектелуі заңнамада бекітілуі керек;
- ✎ Жазаны жасалған қылмысқа сай белгілеу принципі сақталуы керек;
- ✎ Психикалық ауруға байланысты әрекетке қабілетсіздік тек сот шешімімен тағайындалуы керек¹⁷.

Б. Сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерді жаңарту жөніндегі өтініш

Заңнамада сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерді жаңарту жөнінде кімнің өтініш түсіре алатыны, өтініш түсіру тәртібі мен мерзімі анық көрсетілуі керек. Тұрақты тіркеу жүйесінде сайлаушылар тіркеу мәліметтерін жүргізетін органға мәліметтерді жаңарту жөнінде өтінішті тұрақты түрде түсіре алуы тиіс. Сайлаушылар регистрін сайлау күніне дейін аяқтау қажет болған жағдайды есепке алмағанда, мәліметтерді жаңарту жөніндегі өтініштерді тек тура сайлау алдында ғана түсіруге болады деген шектеу болмауы тиіс.

16 Еуропаның адам құқықтары жөніндегі сотының «Hirst v. UK» ісі бойынша [Хёрст Біріккен Корольдікке қарсы], URL: [http://hudoc.echr.coe.int/sites/eng/pages/search.aspx?i=001-70442#{"itemid":\["001-70442"\]}](http://hudoc.echr.coe.int/sites/eng/pages/search.aspx?i=001-70442#{), және «Frodل v. Austria» [Фродль Австрияға қарсы] ісінің шешімін қараңыз. URL: [http://hudoc.echr.coe.int/sites/fra/pages/search.aspx?i=001-98132#{"itemid":\["001-98132"\]}](http://hudoc.echr.coe.int/sites/fra/pages/search.aspx?i=001-98132#{).

17 ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатының 24-тармағы мен Венеция комиссиясы дайындаған сайлау мәселелері жөніндегі үздік тәжірибе кодексін қараңыз.

Кейбір қатысушы елдерде азаматтарға басқа тұлғалар үшін өтініш түсіруге рұқсат етіледі. Бірақ бұл басқа тұлға өзінің мәліметтерін жаңарту туралы өтінішті басқа адам түсіретінін білсе және оған жауап бере алатын мүмкіндігі болса ғана рұқсат етілуі тиіс. Алайда сайлауда дауыс беруге құқығы бар тұлға сол құқықтан айырылып қалмау үшін заңнамалық базада мұндай өтінішті түсірудің нақты тәртібі көрсетілуі тиіс.

Мәліметтерді жаңарту жөніндегі өтінішті сайлаушының өзі емес, үшінші тұлғалар (мысалы, саяси партиялар, кандидаттар немесе басқа да мүдделі тұлғалар) түсіре алатын болса, заңнамалық базада мыналар қамтылуы тиіс:

- ✎ Өтінішті қандай тұлғалар немесе тұлғалар тобы түсіре алады;
- ✎ Өтініштерді түсіру тәртібі;
- ✎ Мәліметтерді жаңарту туралы өтінішті негіздеу үшін қандай дәлелдер ұсынылуы керек;
- ✎ Мәліметтері жаңартылуы тиіс сайлаушыға оны хабарлаудың тәртібі;
- ✎ Сайлаушының барып қатысуға немесе жауап беруге құқығы бар ма;
- ✎ Ондай өтініштерді түсіру және өңдеу мерзімі;
- ✎ Өтінішті қарау процесі және өтінішті қайтару немесе қанағаттандыру жайлы әкімшілік шешім қалай қабылданады;
- ✎ Сайлаушыға әкімшілік шешім қалай хабарланады;
- ✎ Сайлаушының әкімшілік шешімнің үстінен сотқа шағымдануға құқығы бар ма;
- ✎ Қорытынды шешімді қандай орган қабылдайды?

Заңда мұндай өтініштер бойынша белгіленген мерзім ішінде шұғыл шешім қабылдауды міндеттейтін баптар болуы тиіс. Барлық шешім үстінен сотқа шағымдану мүмкіндігі болуы тиіс, ал соттар мұндай шағым бойынша шешімді жедел қабылдауы қажет (заңмен белгіленген белгілі бір мерзім ішінде). Сонымен қатар заңнамалық базада сайлаушылар тізімін қоғамдық тексерудің мерзімі көрсетілуі керек. Қоғамдық тексеру алдыңғы сайлаудан бері сайлаушылар тізімі қалай жаңарып, қандай өзгерістер енгізілгенін тексереді.

В. Дербес мәліметтерді қорғау

Құқықтық мәселелер жөніндегі маман сайлаушының қандай дербес мәліметтері мен деректері регистрлерге ресми түрде енгізілетіні және сайлауға қатысушы мүдделі тараптар оны қандай мақсатта қолдана алатыны туралы жазылған ережелерді жан-жақты зерттеуі керек. Бұл ретте саяси партия, азаматтық қоғам өкілдері мен үшінші тұлғаларға сайлаушылар регистрі мен сайлаушылар тізімін

бергенде туындайтын мәселе – мәліметтерді ашу мен оларды заңға сәйкес қорғау арасында тепе-теңдікті сақтау¹⁸.

Жалпы, сайлаушыны белгілі бір сайлауда дауыс беру құқығы бар тұлға ретінде анықтау үшін қажет ақпарат қана қолжетімді болуы керек. Атап айтқанда, бұл деректер сайлаушылар регистрі дербес мәліметтер енгізілген халық регистрінен алынғанда беріледі. Мәліметтерді қорғаудың халықаралық стандарттары бойынша, мәліметтерді өңдеу немесе сақтау кезінде арнайы қорғау шаралары қолданылады. Сайлаушылар туралы ақпарат нақты, соңғы рет жаңартылған мәліметтерге сай және сақталатын мақсатқа байланысты онда артық ақпарат болмауы тиіс. Сондай-ақ мұндай деректерді абайсызда жоғалтып алу мен бүлінуден, заңсыз ашу, өзгерту мен таратудан қорғау бойынша міндеттемелер бар¹⁹.

Заңнамалық базада сайлаушылар регистрін тексеру кезінде алынған ақпаратты қандай мақсатқа қолдануға болады, ақпаратты түзету енгізу мен сайлаушыларды тіркеу мәселесі бойынша шағымданудан басқа мақсатта қолдануға бола ма, осы жағы анық жазылуы керек. Атап айтқанда, бұл ақпаратты саяси партия немесе кандидаттар сайлауалды науқан үшін пайдалана ала ма, жоқ па, сол жағы заңда нақты көрсетілуі шарт. Сонымен қатар заңда сайлаушылар регистрінен алынған ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін қандай жаза қолданылатыны жазылуы тиіс²⁰.

18 ЕҚЫҰ ДИАҚБ-ның «ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің демократиялық сайлау өткізу жөніндегі міндеттемелері» (2004) атты жарияланымда «сайлаушылар тізіміндегі мәлімет дұрыс, ал тізімнің өзі толық болып, жаңартылып тұруы тиіс. Сондай-ақ тізім сайлаушылар тексерісі үшін ашық болуы тиіс. Жеке мәліметтер туралы заң талаптары сақталған жағдайда тізім үшінші тұлғаларға (сайлауға түсушілер немесе ғылыми зерттеушілер) егер олардың тізімді тексеруге заңды негізі болса, ашық болуы мүмкін... Сайлаушылар тізімін жасау мен жүргізудің қандай жүйесі қолданылса да, ондағы мәліметтердің дұрыстығын сайлаушылар, сайлауға қатысушылар мен сайлауды бақылаушылар тексере алуы керек. Жеке мәліметтерді қорғау туралы ережелер әртүрлі елде әрқалай болғанымен, сайлаушылар дауыс берушілер тізіміндегі өзінің жеке мәліметтеріне қол жеткізіп, тексеруге құқығы болуы тиіс. Көптеген елдерде сайлауға қатысушылар мен бақылаушылар сайлаушылар тізіміндегі мәліметтерге қол жеткізіп қана қоймай, тізімнің көшірмесін алуға құқығы бар. URL: <http://www.osce.org/ru/odihr/elections/13957>, 73-бет.

19 Еуропа кеңесінің «Жеке сипаттағы мәліметтерді автоматты өңдеуде жеке тұлғаларды қорғау туралы» конвенциясы, Страсбург, 28 қаңтар 1981 жыл. Атап айтқанда, 3, 5 және 7-баптар. URL: <http://conventions.coe.int/Treaty/RUS/Treaties/Html/108.htm>. Сондай-ақ осы конвенцияның қадағалау органдары мен мәліметтердің трансшекаралық ағынына қатысты қосымша хаттамасын қараңыз (8 қараша 2001). URL: <http://conventions.coe.int/Treaty/RUS/Treaties/Html/181.htm>. Сондай-ақ Еуропа одағы Еуропа парламенті және Еуропа одағы кеңесінің жеке мәліметтерді өңдеу мен ондай мәліметтердің еркін қозғалысы кезінде жеке тұлғаларды қорғау туралы 1995 жылдың 24 қазанындағы 95/46/ директивасын қараңыз. keystreams.ru/files/doc/zi/dir-95-45-ec.doc.

20 Сонымен қатар БҰҰ қабылдаған «Жеке сипаттағы мәліметтері бар компьютер картотекаларын реттеудің жетекші принциптерін» қараңыз. URL: <http://daccess-dds-ny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NRO/570/00/IMG/NRO57000.pdf?OpenElement>.

Сайлаушыларды тіркеудің заңнамалық базасы

Сұрақтар:

- Сайлаушыларды тіркеуге қатысты қандай заңдар бар?
- Заңнамалық ережелердің орындалуын қандай әкімшілік қаулылар түсіндіреді? Бұл қаулылар сайлауды бақылау жөніндегі миссияға беріле ме?
- Шешім заңмен бекітілген белгілі бір мерзім аралығында тез арада қабылдана ма?
- Құқықтық базада жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы қарастырылған ба?
- Заңнамада дауыс беру құқығы қандай критерийлер бойынша берілетіні айқындалған ба? Бұл критерийлер негізді ме және халықаралық стандарттарға сай ма?
- Заңнамада белгілі бір топтардың өкілдері, мысалы, азшылық, әйелдер, әлеуметтік жағдайы төмен, сауатсыз немесе ішкі қоныс аударған тұлғалардың сайлаушы ретінде тіркелуіне қатер төндіретін құқықтық ережелер бар ма?
- Заңнама бойынша, сотталып тұтқындалған, ұсталып қамалған немесе жаза мерзімін өтеген соң босап шыққан тұлғалар сайлаушы ретінде тіркеле ала ма?
- Сайлау құқығынан айыратын негіздер қисынды ма және халықаралық стандарттарға сай ма?
- Құқықтық базада сайлаушылар регистрі немесе/және сайлаушылар тізіміндегі мәліметті жаңарту туралы өтінішті кім түсіре алатыны және ондай өтініштерді кімдердің атынан түсіруге болатыны нақты айқындалған ба?
- Сайлаушылардың тіркелуіне қатысты қандай да бір күмән келтірілсе, заңнама ондай сайлаушылардың құқығын қорғай ма?
- Сайлаушылар регистрі немесе/және тізімін жаңартуға қатысты шешімдердің үстінен шағымдану процесі жолға дұрыс қойылған ба?
- Құқықтық базада қандай дербес мәліметтерді жария етуге болады, оларды қандай мақсатта қолдануға болады және заңсыз қолданған жағдайда қандай жаза қарастырылғаны жазылған ба?
- Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру мерзімі заңда көрсетілген бе?

Ашықтықты бағалау

Сайлаушыларды тіркеуді реттейтін құқықтық база ережелерінің орындалуы маңызды. Сайлауды бақылаушылар сайлаушыларды тіркеу процесіне ашықтық, нақтылық және инклюзивтілік тұрғысынан баға беруі керек. Бұл бөлімде сайлаушыларды тіркеу процесінің ашықтығын бағалау әдістері қамтылған.

А. Ашықтық деген не?

Сайлаушыларды тіркеу процесі ашық болса, қоғам оған сенеді, сондықтан бақылаушылар тіркеу процесінің ашықтығына мән беруі керек. Тіркеудің ашық процесінде сайлаушылар регистрі мен тізімі сайлау күніне дейін тексеріске ашық болады. Сонымен қатар саяси партиялар мен азаматтық қоғам өкілдеріне сайлаушыларды тіркеу процесінің әрбір кезеңін тексеруге мүмкіндік беріледі.

Ал сайлаушылар регистрі мен тізімі ашық емес немесе қол жеткізу қиын елдерде сайлаушылар тізімі нақты емес немесе бұрмаланған деген күмән туады. Ал мұндай күмән өз кезегінде қоғамның сайлаушылар регистрі мен бүкіл сайлау процесіне сеніміне селкеу түсіреді. Екінші жағынан, сайлаушылар мен азаматтық қоғам өкілдеріне сайлауға дейін дауыс берушілер тізімінің дұрыстығын тексеру рұқсат етілген елдерде қоғамның сайлаушылар тізіміне сенімі артады. Сонымен қатар осының арқасында сайлаушылардың қорытынды тізімі мен регистрі нақты бола түседі.

Саяси партиялар мен азаматтық қоғамдағы топтар әдетте сайлаушыларды тіркеудің түрлі кезеңін бақылауға мүдделі. Өйткені бұл сайлауға қатысушылардың күмәнін тудыруы мүмкін сайлау процесінің аса маңызды мәселесі. Ал сайлаушыларды тіркеуді бақылай алса, қоғамның сайлаушылар регистріне сенімі артады әрі шешімін табуы тиіс мәселелерге назарды бұрады. Құқықтық мәселелер жөніндегі сарапшы саяси партиялар мен азаматтық қоғам өкілдері сайлаушыларды тіркеу процесіне қатыса ала ма, сайлаушылар регистрі мен басқа құжаттар олар үшін ашық па, егер ашық

болса қаншалықты ашық және қандай құжаттарға шектеу қойылғанын анықтауы керек. Сайлаушылар регистрі мен халық регистрі жаңартылатын және жүргізілетін уақытта ғана емес, сайлауалды кезеңде сайлаушыларды тіркеу мен мәліметтерді жаңарту кезінде де ашық, қолжетімді болуы тиіс.

Заңнама бойынша, тіркеу процесі сайлаушылар мен сайлауға қатысушыларға ашық, қолжетімді ме, мұны тексеру – құқықтық мәселелер жөніндегі сарапшының міндеті. Алайда тіркеу процесінің ашықтығы сайлауды бақылау жөніндегі миссия үшін маңызды мәселе, сондықтан миссия бұл процесті бақылап, бағалауы тиіс. Сайлауды бақылау жөніндегі миссия сайлаушылардың бастапқы регистрін жасау (сайлаушыларды тіркеудің белсенді жүйесінде) немесе халық регистрін жаңарту кезінде (сайлаушыларды тіркеудің бәсең жүйесінде) елде болмауы мүмкін. Дей тұрғанмен бақылаушылар процесс ашықтығын бағалау үшін сайлаушыларды тіркеу кезеңдерін бақылап, маңызды ақпарат жинай алады.

Ә. Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру мерзімі

Сайлауға дайындық кезеңінде билік сайлаушылардың алдын ала тізімін қоғамдық тексеріс үшін заңда көрсетілген мерзімде дауыс берушілерге ыңғайлы жерге іліп, жарияласа, бұл – ашықтықтың озық тәжірибесі болмақ. Дауыс беруші сайлаушылардың алдын ала тізімінен қате немесе нақты емес ақпарат тапқан жағдайда, оны тиісті органға хабарлай алады немесе өзгерту енгізу туралы өтініш түсіре алады. Өтінішті қарайтын жауапты билік органдары өтініште негізді және заңға сәйкес дәлелдер келтірілсе, сайлаушылар тізіміне өзгеріс енгізеді. Сайлау алдында тізімді қоғамның тексеруіне ең аз дегенде қанша уақыт берілетіні заңда көрсетілуі тиіс. Бұл сайлаушылардың қорытынды тізімі жарияланғанға дейін тізімге өзгеріс енгізіп үлгеретін уақыт болуы тиіс.

Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеруге заңмен белгілеген мерзім мына талаптарға сай болуы тиіс:

- ✎ Тізімді қоғамдық тексерудің мерзімін хабарлау мен сайлаушыларды тіркеу немесе тізімге өзгеріс енгізу туралы өтініш түсіруге жеткілікті уақыт берілуі керек. Яғни ол қоғам әрекет етіп үлгеретіндей мерзім болуы шарт.
- ✎ Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеріс уақыты дауыс берушілер мен басқа мүдделілер тізімді тексеріп, өзгеріс енгізуге өтініш түсіруге жеткілікті болуы шарт;
- ✎ Қоғамдық тексеріс аяқталған соң, сайлаушылардың қорытынды тізімі жарияланбай тұрып, екі кезеңнің аралығында тізімге өзгеріс енгізуге жеткілікті уақыт бөлінуі керек;
- ✎ Тізімге өзгеріс енгізуден бас тартқан жағдайда, сайлаушылардың қорытынды тізімі жарияланбай тұрып, бұл шешімнің үстінен сотқа шағым түсіруге жеткілікті уақыт бөлінуі керек.

Тізімді қоғамдық тексеру процесі сайлаушылар үшін ашық болуы тиіс, өйткені сайлаушылар дауыс берушілер тізімімен танысып, қандай да бір қателерді анықтай алады. Қоғам бұл процеске көбірек қатысса, бұл сайлаушылардың қорытынды тізімін барынша дәл, нақты ете түседі. Сондықтан сайлаушылар тізімдерін қоғамдық тексерістің мерзімі мен орталықтардың мекенжайы хабарлануы қажет. Қоғамдық тексеріс орталықтары сайлаушыларға жақын, тез жететін жерде орналасқаны жөн. Орталықтың жұмыс кестесі қоғамдық тексеріске қатысқысы келетін сайлаушыларға, оның ішінде күндізгі уақытта жұмыс істейтіндерге ыңғайлы болуы тиіс.

Саяси партиялар мен азаматтық қоғам өкілдері де сайлаушылар тізімін тексеріп, қоғамдық тексеріс кезінде қандай да бір қате немесе сәйкессіздікті анықтаса, қарсы шағым түсіруге мүмкіндігі болу шарт. Сайлаушылар тізімін тексеремін деуші мүдделі тараптарға сайлаушылар регистрін электронды форматта беру жақсы тәжірибеге жатады. Ол ақпаратты оңай іздеп, табуға септігін тигізеді. Алайда бұл жерде мәліметтерді құпия ұстап, жеке мәліметтерді қорғау керек. Билік сайлаушылар тізімін Интернетке шығарып, оны жүктеп алу немесе қажет мәліметті іздеп табуға мүмкіндік беруді қарастыра алады. Тізімге түзету енгізілген соң, билік ашықтық үшін сайлаушылардың қорытынды тізімін саяси партиялар мен азаматтық қоғам өкілдеріне ұсынуы керек.

Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру сайлау күніне дейін өтеді. Тізімді қоғамдық тексеру мен сайлауды бақылау миссиясының жұмысы көбіне-көп бір мерзімде басталады. Ұзақмерзімді бақылаушылар тізімге қоғам тексерісі жүріп жатқан уақытта сайлаушыларды тіркеу процесі ашық өткен-өтпегені жөнінде ақпарат жинай алады. Оны анықтау үшін бақылаушылар тиісті жергілікті билік өкілдері және сайлауға қатысушылармен әңгімелесе алады, сондай-ақ мүмкін болса, процесті тікелей бақылай алады.

Ұзақмерзімді бақылаушылар жергілікті билік органы өкілдерімен кездескенде тізімге өзгеріс енгізу жөнінде қанша өтініш түсті, оның нешеуі бойынша оң шешім қабылданды, шағым немесе апелляциялар түсті ме, сондай-ақ сайлаушылардың алдын ала тізімін тексеруге қоғам өкілдері қаншалықты белсенді қатысты деген мәселелерді анықтауы керек. Сонымен қатар саяси партия мен кандидаттардың өкілдері елдің ішіндегі бақылаушылармен кездесіп, тізімді қоғамдық тексеру процесі қалай өткені жөнінде пікірін сұрау керек. Апелляциялық шағымдар түскен жағдайда ұзақмерзімді бақылаушылар ол қандай шағым екенін, оны қарау процесі қалай өткенін және қандай шешім шыққанын анықтауы қажет.

Тіпті сайлаушылар тізімін қоғамның тексеру процесі қалай өткенін бақылау үшін ресурстар аз болған күннің өзінде, ұзақмерзімді бақылаушылар өздерінің аумағындағы қоғамдық тексеріс орталықтарына барып, сайлауды бақылау миссиясының осы процесс туралы дайындаған сұрақтарын қойып, қорытындыны сайлауды бақылау миссиясына хабарлауы қажет. Осы кездесу нәтижесінде бақылаушы тізімді қоғамдық тексеру қалай өткенін, процедуралар ел бойынша жүйелі түрде өткен-өтпегенін және бақылаушы барған орталықтарда көзге түскен қандай да бір мәселелер бар-жоғын

білетін болады. Сонымен қатар кездесудің арқасында ұзақмерзімді бақылаушылар қоғамдық тексеріс процесі жайлы тереңірек біледі, ал бұл жергілікті билік органы өкілдері мен сайлауға қатысушы тараптармен әңгімелесуге септігін тигізеді.

Б. Сайлаушыларды ақпараттандыру

Сайлауға қатысушылар өздерінің азаматтық және саяси құқықтарын пайдаланып, міндетін орындау үшін сайлаушылар мен кандидаттардың дауыс беру және сайлану құқығын қорғап, дауыс берушілерді тізімге енгізу үшін не істеу керектігін білуі керек. Сайлаушыларды тіркеудің ашық процесінде биліктің жауапты органы қоғамға осы процедуралар туралы жан-жақты ақпаратты дер кезінде беруі керек.

Сайлауды бақылау миссиясы жергілікті және орталық әкімшілік органдар сайлаушылар мен сайлауға қатысушы мүдделі тараптарды дауыс берушілерді тіркеу процесі жайлы ақпараттандыру үшін не істегенін анықтауы керек. Сонымен қатар сайлаушылар қоғамның тізімді тексеруі және сайлаушыларды тіркеудің басқа шаралары туралы қаншалықты толық ақпарат алғанын қадағалауы керек. Әрине, қоғамның бұл жөнінде қаншалықты толық ақпарат алғанын бағалау қиын, бірақ бақылаушылар мұны азаматтық қоғам өкілдері, журналистер және ғалымдардың бұл туралы пікірін сұрау арқылы анықтай алады.

Бұған жауапты лауазымды тұлғалар сайлаушыларға арналған ақпараттық-ағартушылық материалдарды дайындап, көбірек таратса және сайлаушыларды тіркеу қашан аяқталатынын хабарласа, бұл озық тәжірибеге жатады. Елдің аумағында басқа тілдер қолданылса, заң ақпараттық материалдар мен бланкілерді басқа тілдерде сөйлейтін халық тұратын аумақтарда сол тілде таратуға міндеттеуі мүмкін.

Сайлаушыларға арналған ақпараттық-ағартушылық материалдарда мыналар қамтылуы тиіс:

- ✎ Сайлауда дауыс беру үшін қойылатын талаптар;
- ✎ Сайлаушыларды тіркеу процедурасы;
- ✎ Дауыс беруші ретінде тіркеу үшін жеке басты куәландыратын құжаттар;
- ✎ Сайлаушыларды тіркейтін органдардың мекенжайы мен жұмыс кестесі;
- ✎ Сайлаушы ретінде тіркелу немесе сайлаушылар тізіміне өзгеріс енгізу туралы өтінішті түсіру мерзімі.

Саяси партиялар сайлаушыларға ақпаратты жақтастары арқылы таратып, мемлекеттік органдарға сайлаушыларды ақпараттандыруға көмектесе алады. Азаматтық қоғам да ақпараттық-ағартушылық науқанға атсалыса алады, бірақ азаматтық қоғам сайлаушыларды ақпараттандыруға жауапты сайлау органының жұмысын атқарып кетпеуі керек.

Сайлаушылар тізімінің ашықтығы және қоғамдық тексеру

Сұрақтар:

- Сайлаушыларды тіркеу процесі ашық па?

- Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру кезінде сайлаушылардың алдын ала тізімі жарияланды ма/ілінді ме?

- Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеруге бөлінген уақыт ішінде сайлауға қатысушы мүдделі жақтар тізімді тексеріп, өзгеріс енгізу туралы өтініш түсіріп үлгері ме?

- Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеруге бөлінген уақыт өзгеріс енгізу туралы өтініш пен апелляциялық шағымдарды қарау үшін жеткілікті ме?

- Саяси партиялар мен азаматтық қоғам топтары сайлаушылар регистрі және/немесе тізіміне ол тізім жабылмай тұрып қол жеткізе ала ма?

- Саяси партиялар мен азаматтық қоғам топтары сайлаушылардың қорытынды тізіміне қол жеткізе ала ма?

- Сайлауға жауапты органдар мен лауазымды тұлғалар сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру мен сайлаушыларды тіркеу бойынша басқа шаралардың мерзімі жайлы дауыс берушілер мен мүдделі тараптарды ақпараттандырды ма?





- Сайлаушылар тізімінде сайлау процесіне сенімді түсіруі мүмкін нақты емес ақпарат туралы өтініштер бар ма? Бар болса, онда дәлелдер келтірілген бе?

Нақтылықты бағалау

Сайлаушылар регистрі нақты, дәл жасалғанда ғана жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар сайлаушылар регистрін жаңартып отыру сайлауға жауапты лауазымды тұлғалар үшін күрделі мәселе. Бақылаушылар осы күрделі мәселелерді біліп, сайлаушылар регистрінің нақтылығы мен оған жауапты лауазымды тұлғалардың жұмысын бағалауға дайын болуы тиіс. Бұл бөлімде сайлаушылар регистрі мен тізімінің нақтылығы және бақылаушылардың оны қалай бағалайтыны қамтылады.

А. Нақтылық деген не?

Сайлауды бақылаушылар дауыс берушілер регистрінің нақтылығын мына аспектілер бойынша бағалауы керек:

-  Дауыс беруге құқығы бар әрбір сайлаушының тіркелген мәліметтері болуы керек;
-  Ақпарат жаңа болуы тиіс. Азаматтық хал, тұрғылықты жер немесе басқа да мәліметтер өзгерсе, жаңартылған ақпарат регистрге енгізілуі тиіс;
-  Тізім толық болуы тиіс, оған дауыс беруге құқығы бар барлық тұлға енгізілуі керек;
-  Мәліметтерде орфографиялық және басқа қателер болмауы керек.

Сайлауды бақылаушылар дауыс берушілердің мінсіз регистрі болмайтынын ескеруі қажет. Сайлаушылар тізімі нақты сол уақытта жасалған халықтың белгілі бір сегментінің «кескіні» іспетті. Азаматтық хал немесе тұрғылықты жер өзгергенде, «кескін» де өзгереді. Осы өзгерістерді регистрге енгізуге уақыт кетеді.

Сайлаушылар тізіміндегі нақтылықты санмен өлшейтін немесе ауытқу шегін анықтайтын халықаралық стандарт жоқ. Сайлауға қоғамның сенімі жоғары елде

сайлаушылар тізіміндегі нақты емес ақпарат алаңдаушылық туғызбайды. Бірақ сайлауға қоғамның сенімі аз елде болмашы нақты емес ақпараттың өзі сайлау күні бұрмалау болуы мүмкін деген ойға жетелейді.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттердің заңнамасында сайлау өтті деп танылу үшін дауыс берушілердің белгілі бір пайызы қатысуы керек деген талап бар. Егер белгілі бір пайыз сайлаушы қатысуы керек деген талап орындалмаса, заңнама бойынша, көп ретте қайта сайлау өткізу керек. Әдетте дауыс берушілердің қанша пайызы сайлауға қатысқаны сайлау аяқталған соң сайлаушылар тізімінде қойылған қолдар санына қарай анықталады. Сондықтан сайлаушылар тізімін нақты жасау айрықша маңызды.

Сайлаушылар регистрі мен тізімнің нақтылығын бағалау – сайлауды бақылау миссиясының ең маңызды әрі ең күрделі міндеті. Сайлауды халықаралық бақылаушылар сайлаушыларды тіркеудің бастапқы кезеңдерінде елде болмайтындықтан, оны бақылауы екіталай. Сондай-ақ олардың сайлаушылар регистрін жан-жақты тексеріп, бағалауға уақыты мен ресурстары жетпейді. Сондықтан бақылаушылар негізінен сайлауға жауапты лауазымды тұлғалар, саяси партиялар, азаматтық қоғам өкілдері мен басқа дереккөздер беретін ақпаратқа сүйенеді.

Сайлаушылар регистрінің нақтылығын бағалау кезінде кейбір статистикалық мәліметтер бақылаушыларға септігін тигізуі мүмкін, алайда ондай мәліметтерге абай болған жөн. Өйткені халықты тіркеу кезінде бір әдістеме, ал халық санағы кезінде басқа әдістеме қолданылатыны жоғарыда айтылды. Тіркелген сайлаушылар санында кеткен елеулі ауытқуды анықтау үшін алдыңғы сайлаудағы сайлаушылар тізімімен салыстыруға болады.

Ә.Регистрлердің нақтылығын қамтамасыз ету

Сайлаушылардың нақты тізімі жеке мәліметтерді ұзақ уақыт жинау, жаңарту мен өңдеу процесінің нәтижесінде жасалады. Кейде бұл ұзақ және күрделі процесс болуы мүмкін. Сайлаушылар тізімін жасауға жауапты лауазымды тұлғалар өз міндетін адал орындаса және азаматтар өздерінің жеке мәліметін заңмен белгіленген мерзімде өткізсе, сайлаушылардың нақты тізімі жасалады. Яғни сайлаушылар тізімі нақты болуы үшін лауазымды тұлғалар мен дауыс берушілер бірдей әрекет етуі керек, бірақ бұл процесте бәрібір қате кетуі мүмкін.

Сайлаушылар тізімі сайлау күні нақты болуы үшін дауыс берушілердің мәліметтерін жүйелі түрде және дәл жаңартып отыру маңызды. Бұл әсіресе сайлаушыларды тіркеудің бәсең жүйесінде маңызды. Бірақ мәліметтерді жаңартқанда регистрде деректердің қайталанып кетпеуіне мән беру керек. Бұл процестің нәтижесі тіркеуге жауапты лауазымды тұлғалардың өз міндетін қаншалықты адал орындайтынына байланысты. Сайлау мәселесіне жауапты маман сайлаушыларды тіркейтін лауазымды тұлғалармен кездесіп, сайлаушылар регистріне енгізілетін жаңартулардың нақтылығы қалай қамтамасыз етілетінін, бұл процестің қандай проблемасы бар екенін анықтауы керек.

Сайлаушылардың азаматтық халі мен тұрғылықты жері туралы мәліметтерге жергілікті деңгейдегі әртүрлі орган жауапты болса, олардың арасындағы коммуникация жақсы болуы керек. Бұл әсіресе халық көп көшіп-қонатын ірі қалаларда маңызды. Жергілікті органдардың жалпы мемлекеттік деңгейдегі ведомстволармен жүйелі түрде ақпарат алмасуға ресурстары мен қаржысы жеткілікті болуы керек. Сонда жергілікті деңгейдегі регистрлерге енгізілетін жаңарту мемлекеттік деңгейдегі регистрге де түсіп отырады. Сайлаушылар регистрін жасауға бірнеше мекеме жауапты болса, бұл органдар мәліметтер мен ақпаратты тұрақты және уақытылы алмасып отыруы керек. Сол сияқты бұл орган қызметкерлерінің кәсібилігі мен процедуралардың бір ізге түсуі маңызды.

Азаматтар сайлаушыларды тіркейтін органға азаматтық хал, тұрғылықты жер немесе басқа да мәліметтерінің өзгергенін уақытылы хабарлағанда ғана сайлаушылар регистрі нақты болмақ. Сайлауды бақылаушылар сайлаушылар регистрінің нақтылығына әсер етіп, сайлауға қатысуды азайтуы мүмкін кез келген факторды назарға алуы керек. Мысалы, сайлаушыларды тіркеуге аз уақыт берілсе, сайлаушылар тіркеліп немесе мәліметтерін жаңартып үлгермеуі мүмкін. Ауылдық аймақтарда тұратын сайлаушылар тіркелуге алыстан келуі мүмкін, ал бұған уақыт кетеді.

Мәліметтерді қағаздан сайлаушылардың бірыңғай электронды регистріне енгізгенде ол мәлімет толық және тұтас көшті ме деген мәселе туындайды. Мысалы, тізімде жасы егде азаматтар (шалғай аудандардағы өлім тіркелмей қалғандықтан болады) жүруі мүмкін немесе бір сайлаушының фамилиясы түрліше немесе бірнеше фамилиямен жазылуы мүмкін (азаматтық халі өзгергендіктен немесе жергілікті дәстүрмен байланысты болуы мүмкін, т.б.). Ондай жағдайда ескіріп кеткен немесе қайталанатын жазбаларды түзеу керек²¹.

Сайлаушылар регистрін жаңартудың тағы бір жолы – сайлаушыларға олардың тізімде көрсетілген мәліметтерін пошта арқылы тұрақты түрде жіберіп отыру. Бірақ «хатты алушы көшіп кеткен» деп хат кері қайтарылған жағдайда, лауазымды тұлғалардың қалай әрекет ететіні заңнамада анық жазылуы керек. Кейбір қатысушы мемлекетте сайлаушыға мұндай хабарландыру хаттар дауыс беруші өзінің ақпаратын растау немесе жаңарту үшін жіберіледі. Ал кейбір елдерде ондай хабарландыру хаттар мүлде жіберілмейді.

Сайлаушылар регистріндегі мәліметтерді жаңартқанда немесе өшіргенде дауыс беруге құқығы бар тұлғаларды абайсызда сайлау құқығынан айырмау үшін сақ болған жөн.

Былайғы кезде сайлаушыларды нақты тіркеуге кедергі келтіруі мүмкін қатардағы мәселелер саяси өзгерістер немесе конфликтіден кейінгі жағдайда ушығуы

21 ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттерде мұны сайлаушылардың алдын ала тізімінде көрсетілген мекенжайдағы үйлерді аралау арқылы жасайды. Әдетте бұл жергілікті басқару органдарының жұмысы.

мүмкін. Қаржыландыру мен институционалдық потенциал шектелуі ықтимал. Тіпті кей жағдайда сайлаушыларды тіркеу мен азаматтық хал актілерінің жаңа жүйесін жасауға тура келеді. Жаңа жүйені енгізгенде мыналар басты мәселеге айналады:

- ✎ мекеме ішінде және мекемелер арасында коммуникация мен ақпарат алмасуды дұрыс жоспарлап, жолға қоятын жүйені мұқият жасау;
- ✎ жүйенің тұрақты болуын қамтамасыз ету;
- ✎ жеке мәліметтерді бастапқы жинау;
- ✎ мәліметтерді жою және оңтайландыру.

Жаңа тіркеу жүйесінің жұмысы жолға қойылуы үшін бүкіл ел аумағында ұзақмерзімді және үйлесімді жұмыс қажет болуы мүмкін.

Б. Қатардағы мәселелер

Сайлауды бақылаушылар бұрмалау туралы кез келген саяси шағымды талдауға дайын болуы үшін дауыс берушілер тізіміне қатысты қатардағы мәселелерді білуі тиіс. Сайлаушылар тізімінде дауыс берушілер саны тым көп болған жағдайда дауыс берудің шынайылығы мен әділдігіне күмән келіп, сайлауды бұрмалау туралы шағымдар айтылуы мүмкін (мысалы, бір сайлаушының көп мәрте дауыс беруі). Ал азаматтар тізімге енбей қалған жағдайда сайлаушыны дауыс беру құқығынан айырды дегендей айыптаулар келтірілуі мүмкін.

Тізімде мына себептерге байланысты тым көп сайлаушы болуы мүмкін:

- ✎ **«өлі жандардың»** тізімде жүруі – қайтыс болған азаматтардың аты-жөні тізімнен алынбады;
- ✎ **ішкі көші-қон:** азаматтар ел ішіндегі тұрғылықты жерін ауыстырғанымен, деректерін жоймады, сөйтіп, бұрынғы тұрғылықты жерінде аты-жөні жойылмай қалды;
- ✎ **сыртқы көші-қон:** шетелге кеткен азаматтар фамилияларын сайлаушылар тізімінен жоймады немесе олардың сайлаушылар тізімінде қалып, әлі де дауыс беруге құқығы бар.

Көптеген азаматтың экономикалық және басқа да себептерге байланысты ел ішінде басқа жерге көшкені немесе шетелге уақытша немесе біржолата көшкенінде тұрған ештеңе жоқ. Ондай жағдайда сайлаушылар тізімінде артық фамилиялар жүреді.

Сайлаушылардың фамилиясы мына себептерге байланысты тізімде болмай қалуы мүмкін:

- ✎ **тиісті құжаттардың болмауы** – дауыс беру үшін қажет құжаттар жаңартылып рәсімделгенімен, халықтың кейбір топтары, мысалы, қарт адамдар оны ала алмай қалды;
- ✎ **дауыс беру жасына жеткен жаңа сайлаушылар** өздерін тізімге енгізу туралы өтінішті түсірмеген болуы мүмкін немесе сайлаушылар тізіміне енгізілмеуі мүмкін;
- ✎ **дауыс беруге кедергі келтіру** – кейбір маргинал топтар, мысалы, әйелдер, ұлтық азшылықтар, үйсіздер немесе ішке қоныс аударған тұлғалар әлеуметтік себептер, әкімшілік кедергілер немесе дискриминацияның кесірінен сайлаушылар тізіміне енбей қалуы мүмкін.

Сайлауды бақылаушылар сайлаушылар тізіміндегі нақты емес деректер туралы кез келген шағым мен сайлаушылар регистріндегі нақтылық туралы кез келген ресми мәлімдеме және сандарға сақ болғаны жөн. Тізімдегі нақты емес деректер туралы мәлімдеме сайлау кезінде саяси проблемаға айналуы мүмкін. Сайлаушылар тізіміндегі нақты емес деректер немесе бұрмалаулар туралы шағым түскен жағдайда, сайлауды бақылаушылар ол деректерді растайтын дәлелдерді сұрауы керек. Сонымен қатар бақылаушылар ресми шағым түскен-түспегенін анықтап, бұл дауға қатысушы тараптарға сайлауды бақылау жөніндегі миссия сотқа қатыспайтынын ескертуі керек.

В. Дауыс берудің айрықша механизмінің мәселелері

ЕҚЫҰ-ға қатысушы көптеген мемлекетте сайлау күні тұрғылықты жерінде дауыс бере алмайтын сайлаушылар дауыс берудің айрықша механизміне жүгіне алады. Кейбір қатысушы мемлекеттерде сайлаушыларға шетелде немесе мерзімінен бұрын дауыс беру жолдары қарастырылған. Сайлауды бақылаушылар дауыс берудің айрықша механизмдері дауыс берушілерді тіркеуді қиындатып, сайлау күні сайлаушылар тізімінің нақтылығына әсер етуі мүмкін екеніне мән беруі керек.

Сайлау мәселесі жөніндегі сарапшы заңда дауыс берудің қандай айрықша механизмдері бар, ол сайлаушылар тізіміне қалай әсер ететінін анықтауы керек. Кейбір елдерде айрықша механизм бойынша дауыс беретін сайлаушыларды тізімнен алып тастайды. Басқа мемлекеттерде сайлау комиссиясы мүшелеріне ондай сайлаушылардың бөлек тізімі беріліп, олардың басқа жерде дауыс беретіні хабарланады. Бұл шаралар екі мәрте дауыс беру немесе келмей қалған сайлаушылардың орнына дауыс берудің алдын алады.

Төменде дауыс берудің айрықша механизмдері қандай жағдайда қолданылатыны түсіндіріледі:

1. Тұрғылықты жерінде жоқ ел ішіндегі сайлаушылар

Сайлаушыларды тіркеу кезінде тұрақты тұрғылықты жерінде болмаған сайлаушылар өз еркімен жоқ па, әлде қызмет бабымен бір жерге кету немесе бас бостандығынан айырылу тәрізді айрықша жағдайға байланысты жоқ па, соны анық ажырату керек. Кейбір қатысушы мемлекеттерде тұрғылықты жерінде сайлауға өз еркімен қатыса алмайтын сайлаушылар уақытша тұрып жатқан жерінде тіркеліп, артынша сол жерде сайлаушы ретінде тіркеліп немесе есептен шығару куәлігін ала алады. Басқа мемлекеттерде ондай сайлаушылар үшін жалғыз жол – тұрақты тұрғылықты жеріне қайтып оралып, сол жақтағы сайлау учаскесінде дауыс беру. ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттер пошта арқылы дауыс берудің балама жолын ұсынады.

Есептен шығару куәлігі. Дауыс беруге арналған есептен шығару куәлігін билік органы сайлаушыға өзі тіркелген сайлау учаскесінен басқа учаскеде дауыс беруі үшін ұсынады. Есептен шығару куәлігін алған сайлаушы бұрынғы учаскедегі «ескі тізімнен» шығарылған соң, оны жаңа сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне қосу жақсы тәжірибе болып саналады. Сайлаушы дауыс берген соң, есептен шығару куәлігі сайлаушылар тізіміне жасырылады.

Айрықша жағдайға байланысты тұрғылықты жерінде дауыс бере алмайтын сайлаушыларға мерзімді қызметтегі әскери қызметкерлер мен әскерге шақырылғандар, полицейлер, студенттер, стационарда емделіп жатқан науқастар, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында жүрген тұлғалар, қамауға алынғандар мен бас бостандығынан айырылғандар және теңізде жүрген кеме экипажының мүшелері жатады. Бұл сайлаушыларды тиісті мекеме немесе орталық сайлау органы тіркеуі керек.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы әр мемлекет әскери қызметкерлерді, әсіресе мерзімді қызметтегі әскерилерді әртүрлі жолмен тіркейді. Кейбір қатысушы мемлекеттерде қорғаныс министрлігі тіркеу органдарына әскерге шақырылғандардың тізімі мен олардың әскери борышты қайда өтеп жатқаны жайлы мәлімет береді. Бұл олар әскери борышын өтеп жатқан елді мекендердегі сайлаушылар тізіміне енгізілуі үшін беріледі. Басқа мемлекеттерде әскери базаларда әскери қызметкерлерге арналған сайлау учаскелері ұйымдастырылады. Алайда озық тәжірибе бойынша, бұған айрықша жағдайда ғана рұқсат етіледі. Кейбір қатысушы елдерде мерзімді әскери қызметкерлерге пошта арқылы дауыс беруге рұқсат етіледі; мұндай жағдайда олардың дауысы тұрақты тұрғылықты жеріндегі сайлау округінде есепке алынады. Кейбір қатысушы мемлекеттерде әскери қызметкерлер дауыс беру құқығынан айырылған, ал бұл жалпыға бірдей және тең сайлау құқығына қайшы.

Дәл осындай тіркеу тәртібі полицейлер, кеме экипаждары, студенттер, стационардағы науқастар, әлеуметтік қызмет көрсету мекемелеріндегі тұлғалар, қамаудағылар мен бас

бостандығынан айырылғандар үшін де қолданылуы мүмкін. Сайлауды бақылаушылар мұндай жағдайда тіркеу тәртібін анықтап, ел ішінде тұрақты тұрғылықты жерде жоқ сайлаушылардың жалпыға бірдей және тең сайлау құқығы қалай сақталатынына баға беруі керек. Сонымен қатар бақылаушылар мұндай сайлаушылар тұрғылықты жеріне қайтып оралған соң, олар тізімде қалай қалпына келтірілетінін анықтауы керек.

2. Шетелдегі сайлаушылар

ЕҚЫҰ-ға қатысушы бірқатар мемлекетте шетелде уақытша тұрып жатқан азаматтарға сайлауға қатысуға мүмкіндік беріледі. Бірақ шетелде уақытша жүрген сайлаушылардың дауыс беру тәртібін реттейтін халықаралық нормалар жоқ болғандықтан, әр мемлекет оның механизмін әртүрлі белгілейді. Шетелде дауыс беру тәртібі дауыс беруге құқығы бар азаматтарға сайлауға қатысуға мүмкіндік беріп, дауыс берудің ашықтығы мен шынайылығын қамтамасыз етуі керек. Сайлаушылар тізімінің нақтылығына күмән келетін елдерде шетелде дауыс беру сол күмәнді одан бетер қоюлатыуы мүмкін. Тіпті ол күдікке себеп болмаған күннің өзінде, көңілге күдік ұялатуы мүмкін.

Шетелдегі дауыс беруді бақылау сайлауды бақылау миссиясының міндетіне жатпаған күннің өзінде, бақылаушылар шетелде тұрып жатқан сайлаушыларды тіркеудің жүйесін анықтап, түсінуі керек. Өйткені бұл сайлаушылар тізімінің нақтылығына тікелей әсер етеді. Әсіресе шетелде жүрген сайлаушылардың ел ішіндегі сайлаушылар тізімінде жазбасы сақтала ма, жоқ па, осыны анықтау керек.

Бірқатар қатысушы мемлекетте дауыс беруге құқығы бар, шетелде тұратын азаматтың сайлауға қатысу мүмкіндігі қарастырылмаған. Сайлаушыларды тіркеудің бәсең жүйесінде шетелде тұратын сайлаушылардың жазбалары дауыс берушілер тізімінде қала береді, өйткені бұл азаматтардың өз елінің аумағында дауыс беру құқығы сақталады. Бірақ бұл сайлауда бұрмалау болуы мүмкін деген күдікке түрткі бола алады. Өйткені бұл шетелге кеткен азаматтың жеке мәліметін білетін ел ішіндегі сайлаушылар бір реттен артық дауыс беруі мүмкін деген күдікке жетелейді.

Шетелде дауыс беруге рұқсат ететін ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің кейбірі сайлаушылардан сайлау мерзімінен бұрын дипломатиялық өкілдіктерде тіркелуді талап етеді. Артынша ел ішіндегі сайлаушылар тізіміндегі олардың мәліметтері және/немесе жазбасын бұғаттайды. Сонда сайлаушылар тізімінде артық сайлаушы болмайды әрі бұл бұрмалаудың алдын алуға көмектеседі. ЕҚЫҰ-ға қатысушы басқа мемлекеттерде сайлау күні дипломатиялық өкілдікке дауыс беруге келген сайлаушы сол жерде тіркеледі. Ондай жағдайда шетелде дауыс берген сайлаушылар ел ішінде де жалпы тәртіпте сайлаушылар тізімінде тұрған болуы мүмкін. Мұндай жағдайда тізімде сайлаушылар есімдері қайталанып кетіп, тізімде тіркелген сайлаушылар саны артады. Тиісті органдар сайлаудан кейін ел ішінде дауыс берген сайлаушылар тізімін шетелде дауыс бергендердің тізімімен салыстырып, бұрмалау болған-болмағанын анықтауы керек.

3. Мерзімінен бұрын дауыс беру

ЕҚЫҰ-ға қатысушы бірқатар мемлекетте сайлаушыларға арнайы сайлау учаскелерінде сайлау өтетін күннен бұрын дауыс беруге рұқсат етіледі. Бұл бір жағынан сайлауға дауыс берушілердің қатысуын арттыру үшін жасалса, екінші жағынан сайлау күні сайлау учаскесінде дауыс бере алмайтын сайлаушылардың жағдайын ескереді. Кейде мерзімінен бұрын дауыс беру сайлаудан бірнеше апта бұрын басталады. Мерзімінен бұрын дауыс беруде туындайтын негізгі мәселе – сайлаушыларды тіркеу кестесі мен мерзімінен бұрын дауыс беру кестесі сәйкеспей қалуы мүмкін, өйткені мерзімінен бұрын сайлау дауыс берушілерді тіркеу аяқталмай жатып басталып кетуі мүмкін.

Мерзімінен бұрын дауыс беруге рұқсат ететін мемлекеттерде сайлау учаскелерінде мерзімінен бұрын дауыс беріп кеткен сайлаушыларды тізімнен белгілеп, тізімді реттеп үйлестіру қажет болуы мүмкін. Бұл бір сайлаушының бірнеше мәрте дауыс беруі тәрізді бұрмалауды болдырмайды.

4. Үйден дауыс беру

ЕҚЫҰ-ға қатысушы бірқатар елде дауыс беруші сайлау учаскесіне бара алмайтын болса, үйден дауыс беруге рұқсат етіледі. Үйден дауыс беретін сайлаушыларға сыртқа шығатын учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері барады. Бұл топта сайлау комиссиясының өкілдері теңдей болуы тиіс. Үйде мерзімінен бұрын немесе сайлау күні дауыс бере алады. Әдетте ереже бойынша, сыртқа шығатын сайлау комиссиясының топтары сайлау учаскесіне дауыс беру аяқталғанша қайтып келіп, дауыс беру бюллетеньдерін қайтаруы керек.

Үйден дауыс беруге рұқсат ету үшін сайлау учаскесіне жете алмайтын сайлаушылар өтініш жазып, сондай сайлаушылардың тізімі жасалады. Бұл азаматтар өздерінің сайлау учаскесіндегі жалпы сайлаушылар тізімінен алынуы керек немесе сайлаушылар тізіміне ескертпелер қосуға болады. Учаскелік сайлау комиссиясы дауыс беру құпиясын бұзу (дауыс беру мен дауыстарды санау кезінде) мен бір азаматтың көп мәрте дауыс беруі тәрізді бұрмалаудан қорғайтын қосымша шараларды қолға алуы керек.

5. Электронды дауыс беру және дауыс беруде жаңа технологияларды пайдалану

ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер сайлауды ұйымдастыру мен сайлаушыларды қатыстыруды жолға қою үшін сайлау өткізуде дауыс берудің жаңа технологияларын пайдалану тәжірибесін зерттеп жүр.

Соңғы уақытта жаңа технологияларды пайдалану мен оларды тым жылдам енгізудің өзіне тән шектеулері мен қатері бар екенін мемлекеттер жақсы түсіне бастады. Дауыс берудің жаңа технологиялары сайлау процесін сайлаушылар мен сайлау ор-

гандары үшін жеңілдетеді. Бірақ дауыс берудің жаңа технологияларын пайдалану сайлау процесінің ашықтығы мен есептілігіне қатысты жаңа мәселелер тудырады. Дауыс берудің жаңа технологияларын тиімді пайдалану үшін ең алдымен қоғамның сенімі керек. Ол үшін дәстүрлі дауыс беру сақталатын ЕҚЫҰ міндеттемелері мен халықаралық стандарттар (мысалы, дауыс беру құпиясы, дауыс беру мен дауыстарды санаудың ашықтығы мен есептілігі) жаңа технологияларды пайдалану кезінде де сақталуы керек.

Ал ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекет сайлаушыларға Интернет арқылы дауыс беру тәрізді тәсілдерді ұсынса, ондай сайлауды бақылау қиын болмақ. Мұндай жағдайда сайлаушылар екі мәрте дауыс бермейді дегенге кепілдік жоқ. Мұның алдын алу үшін құпия сөз енгізуді сұрайтын дауыс беру куәлігін пайдалану керек немесе Интернет арқылы дауыс беру туралы өтініш түсіруді міндеттеу керек. Мұндай жағдайда дауыс беруге құқығы бар тұлғалар мерзімінен бұрын Интернет арқылы дауыс бергенде жоғарыдағы екі тәсілге белгілі бір уақыт бөлінуі керек. Билік органдары көп мәрте дауыс беруді болдырмайтын шараларды қолға алуы керек. Бұл Интернет арқылы дауыс беретін сайлаушылар дауыс берушілер регистрінде анықталуы керек деген сөз. Егер Интернет арқылы дауыс беруге тіркелген сайлаушы қағаз бюллетеньмен дауыс беру үшін сайлау учаскесіне келсе, онда оның электронды дауысы өз күшін жоюы керек.

Сайлауда дауыс берудің жаңа технологияларын пайдалану басқа да мәселе тудырады. Бірқатар мәселе мәліметтерді қорғау принциптерінен шығады. Атап айтқанда, жеке мәліметтер қорғала ма, сайлаушылар регистрін автоматты өңдеуде мәліметтерді қорғау әдісі бар ма, соған назар аудару керек. Дауыс беріп біткен соң, жеке мәліметтер мен дауыс беру құпиясы сақтала ма, осыған қатысты да бірқатар мәселе туындайды.

Мәліметтер қажет болмай қалған соң, оларды жою ережесіне де мән берген жөн. Сонымен қатар сайлау заңнамасында мәліметтерді жоюдың тиісті процедуралары жазылған-жазылмағанына да назар аудару керек.

В. Сайлаушыларды тіркеудің аудиті

Сайлаушылар регистрінің нақтылығын бағалаудың түрлі әдісі бар. Әдетте сайлауды бақылау миссиясының сайлаушылар регистрін тексеруге мүмкіндігі жоқ, дей тұрғанмен сайлауды бақылаушылар билік органдары мен сайлауға қатысатын мүдделі тараптар регистрді тексерген-тексермегенін анықтай алады. Сайлау мәселесі жөніндегі сарапшы тиісті ведомство немесе билік органының рұқсатымен компьютердегі мәліметтер базасын қарапайым тексерістен өткізе алады. Мысалы, қайталанатын мәліметтерді іздеу немесе толық емес мәліметтерді іздеу тәрізді қарапайым тексеру жасап көруге болады.

1. Компьютерде тексеру

Сайлаушылар регистрінің нақтылығын анықтаудың бір жолы – компьютерде тексеру жасау. Оны сайлаушыларды тіркеудің орталықтандырылған (немесе желілік) мәліметтер базасында жасаған дұрыс. Тиісті органдар сайлаушыларды тіркеуде қолданылатын мәліметтер базасын тұрақты аудит тексерісінен өткізіп отыруы озық тәжірибеге жатады. Мұндай тексерістің мақсаты – қайталанатын мәліметтер мен қателерді анықтау. Егер электронды форматтағы сайлаушылар регистрі саяси партиялар немесе азаматтық қоғам өкілдері үшін ашық болса, онда олар да тексеріс жүргізіп, оның нәтижесін жариялай алады. Бұл қоғамның сайлаушылар регистрінің нақтылығына сенімін күшейтеді және нақты емес деректер анықталған жағдайда, оны түзетуді талап етуге болады.

Заңнамалық базада сайлаушыларды тіркеуге жауапты орган сайлаушылар тізімі мен регистрін аудиттен қай уақытта өткізіп тұруы керектігі анық жазылуы керек (сайлаушыларды тіркеудің бәсең және белсенді жүйесінде де сайлаушылар тізімі мен регистріне аудит жүргізіледі). Мұндай аудит кезінде басқа ведомстволар қызмет көрсететін мемлекеттік мәліметтер базасы жан-жақты тексеріледі. Сондай-ақ аудит кезінде күмән тудыратын жазбаларды анықтайтын ішкі бағдарламалық қамтуды қолдануға болады. Аудиттен кейін сайлаушылар регистрі жаңартылатын болса, ол регистрді жүргізетін орган белгілеген тәртіп бойынша жүргізілуі керек.

2. Сырттағы тексеру

Азаматтық қоғам өкілдері немесе саяси партиялар сайлаушылар регистрі немесе тізімінен жазбаларды іріктеп алып, ол сайлаушылардың нақты мәліметтерімен сәйкесе ме, тізімге енгізілуі тиіс барлық сайлаушы дұрыс тіркелген бе, соны анықтай алады²². Бұл өте ауқымды тексеріс, сондықтан мұндай талдау жұмыстарын жасау үшін жалпыұлттық деңгейде еріктілер желісі болуы керек. Сайлауды бақылаушылар мұндай тексеріс нәтижесінің нақтылығына баға беру алуы үшін стандарт әдістемені жақсы білуі тиіс.

Сайлаушылар тізімінің нақтылығына баға беру үшін сыртта жасалатын тексерудің негізінен екі түрі қолданылады:

- ✎ Тізімнен сайлаушыны тауып тексеру кезінде тізімдегі жазбалар тексеріледі. Мұндай тексеріс тізімнен алынуы тиіс сайлаушылар әлі тізімде қалып қойған жоқ па (мысалы, қайтыс болған азаматтар тізімнен алынды ма), соны анықтау үшін қолданылады. Тұрғылықты жер немесе азаматтық халдың өзгеруіне байланысты ескірген ақпарат тізімде жаңарған-жаңармағанын анықтау үшін

22 Толығырақ Building Confidence in the Voter Registration Process: An NDI Monitoring Guide for Political Parties and Civic Organizations (2001) қараңыз, www.ndi.org

осы әдіс қолданылады. Еріктілер сайлаушылар тізімінен кездейсоқ іріктемені таңдап алып, олардың деректерінің дұрыстығын тексереді.

- ✎ Ал сайлаушылардан сұрау жүргізу арқылы тізімнің толыққанды екенін тексеру тізімде болуы тиіс, бірақ кірмей қалған тұлғаларды анықтауды мақсат етеді. Еріктілер қоғамдық орындардан дауыс беруге құқығы бар тұлғаларды кездейсоқ іріктеп, олар сайлаушылар регистріне енгізілді ме, регистрде жеке мәліметтері дұрыс жазылған ба, соны тексереді.
- ✎ Мұндай тексеру әдістері сайлаушылар тізімінің нақтылығын сенімді және дұрыс анықтау үшін сайлаушылар тізімінен алынатын іріктеме немесе сұралатын сайлаушылар іріктемесі репрезентативті болуы шарт.

Сайлаушылар тізімінің нақтылығын бағалау

Сұрақтар:

- Заң бойынша және іс жүзінде сайлаушылардың азаматтық хал регистрі немесе/және сайлаушылар регистрін жаңартуға қандай мекемелер қатысады? Әртүрлі мәліметтер базасындағы деректерді бірге қолдану немесе біріктіру қалай іске асады?
- Тізімдегі сайлаушылар мәліметіне өзгеріс енгізу туралы өтініш түсіру үшін (сайлаушыларды тіркеу жүйесінің түріне байланысты) керек бланкілер немесе тіркеу бланкілерінің көшірмесін сұраған жөн. Сол бланкілер сайлаушыларды тіркеу туралы заңнама талаптарына сәйкес келе ме?
- Сайлау округтерінде тіркелген сайлаушылар саны туралы ақпаратты сұраңыз.
- Тірделген сайлаушылар санын алдыңғы сайлауда тіркелген сайлаушылар санымен салыстырыңыз. Қандай да бір айтарлықтай айырма болса, оның себебін анықтаңыз.
- Сайлаушылар тізіміндегі қателерді (мысалы, қайталанатын мәліметтер, қайтыс болған адамдардың мәліметтері, тізімге енбей қалған мәліметтер, т.б.) анықтау, саралау мен жоюдың жолдары қандай? Олар тиімді ме?
- Сайлаушыларды тіркеу процесі немесе сайлаушылар регистріне қатысты қандай да бір шағым түсті ме? Ондай шағым бойынша шара қабылданды ма? Саяси партия немесе азаматтық қоғам топтарының сайлаушылар тізімінің нақтылығы жайлы пікірі қандай?
- Сайлаушылар регистрінде елеулі кемшілік пен қате кеткені туралы шағымдар дәлелдермен расталса, лауазымды тұлғалардан олар қандай шара қолданатынын сұрап біліңіз.
- Дауыс берудің айрықша механизмдері қолданыла ма? Қолданылса, ол сайлаушылар тізімінің нақтылығына қалай әсер етуі мүмкін?

-
- Сайлаушыларды тіркейтін органдар сайлаушылар регистріне тұрақты түрде аудит өткізе ме? Өткізетін болса, алдыңғы аудиттің нәтижесі қандай? Аудит нәтижесі бойынша қандай шаралар қолға алынады?
-
- Елдің ішіндегі бақылаушылар сайлаушылар тізімін компьютерлік тексерістен өткізді ме? Немесе сайлаушылар тізімінің нақтылығын анықтау үшін сыртта зерттеуден өткізді ме? Өткізген болса, ондай тексерістің әдістемесін бағалап, нәтижесін талдап көріңіз.
-
- Сайлаушылар тізіміндегі нақты емес деректер болса, ол қандай да бір немесе сайлаушылар тобы, мысалы, белгілі бір партияның жақтастары, белгілі бір жердің тұрғындары немесе ұлттық азшылыққа жататын сайлаушыларға қатысты ма?
-

Инклюзивтілік пен кемсітпеушілікті бағалау

Сайлаушылар тізімінің инклюзивтілігі мен тізімді кемсітпеу принципін сақтай отырып жасау – жалпыға бірдей және тең сайлау құқығының маңызды аспектісі. Сайлаушылар регистрі немесе тізімге ұлттық азшылық өкілдері, әйелдер мен үйсіз тұлғаларды қосуға айрықша мән берген жөн. Ал конфликтіден кейін сайлаушылар тізіміне босқындар мен ішке қоныс аударылған тұлғаларды қосуға көңіл бөлген жөн. Бұл бөлімде сайлауды бақылау миссиясы осы мәселелерді қалай шешіп, сайлаушыларды тіркеу процесінің инклюзивтілігін қалай бағалайтыны түсіндіріледі.

А. Ұлттық азшылықтың сайлауға қатысуы

ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер ұлттық азшылық өкілдерінің қоғамдық өмір мен сайлауға қатысу құқығын қорғауға міндеттеме алған. Еуропа Кеңесінің ұлттық азшылықты қорғау жөніндегі негіздеме конвенциясы ұлттық азшылық өкілдерінің саяси құқықтары мәселесін шешуге арналған²³. Халықаралық құжаттар, конституция баптары мен сайлау туралы заң ұлттық азшылық өкілдерінің сайлауға қатысу құқығын қорғағанымен, іс жүзінде бұл құжаттар азшылық өкілдерінің саяси өміріне араласу құқығын дискриминациялауы мүмкін.

Сайлауды бақылаушылар дауыс берушілерді тіркеуге қатысты заңнама мен процедуралар ұлттық азшылықтың саяси өмірге қатысуын жеңілдету ме, әлде керісінше қиындата ма, осыны анықтап, баға беруі керек. Сайлауды бақылау жөніндегі миссияға ұлттық азшылық мәселелері жөніндегі сарапшы кіруі мүмкін. Бірақ соның

²³ Еуропа Кеңесі, ұлттық азшылықты қорғау жөніндегі негіздеме конвенция. Страсбург, 1 ақпан, 1995 ж. III бөлім, 20-бап. URL: <http://conventions.coe.int/treaty/rus/treaties/html/157.htm>.

өзінде миссияның негізгі құрамы осы мәселені анықтауға міндетті. Сонымен қатар қысқамерзімді және ұзақмерзімді бақылаушылар ұлттық азшылыққа қатысты кез келген мәселе жайлы хабардар болуы тиіс. Өйткені бұл мәселені білу оларға сайлауды жан-жақты бақылауына мүмкіндік береді. ДИАҚБ ұлттық азшылықтың сайлауға қатысуына қатысты нақты ұсыныстар жариялаған. Онда сайлауды бақылау миссиясы бұл мәселелерді қалай талдайтыны жайлы қосымша нұсқаулар берілген²⁴.

Ресми мәртебесі жоқ тілде сөйлейтін ұлттық азшылықтар халықты немесе сайлаушыларды тіркеу процесіне қатыстырылмауы мүмкін. Сайлаушыларды тіркеу туралы ақпараттық түсіндіруші материалдар ұлттық азшылықтың тіліне аударылып берілгені дұрыс. Мұндай материалдарды әсіресе тілдері ресми мәртебе алмаған ұлттық азшылық өмір сүретін аймақтарда таратқан жөн. Сонымен қатар сайлаушылар тізімінен өз аты-жөнін оңай табуы үшін тізімді мемлекеттік және ұлттық азшылық тілінде қатар ұсынған жөн²⁵. Бірнеше тіл қолданылған жағдайда, сайлаушылар тізімі дұрыс емес аударылса немесе транслитерациядан қате кетсе, ұлттық азшылық өкілдері тізімнен атын таба алмауы мүмкін.

Шетелдегі сайлаушыларды тіркеу жүйесі ұлттық азшылықтарды сайлаушы тізіміне тіркеуге әсер етуі мүмкін. Ұлттық азшылықтар мемлекеттің шекаралас аудандарында тұрып, шекараның ар жағында туыстары болуы мүмкін. Мұндай аудандарда тұратын ұлттық азшылық өкілдері шекарадан жиі өтіп тұруы мүмкін. Егер мемлекет сайлау күнтізбесіндегі мерзім аяқталғаннан кейін шекараны кесіп өтіп, қайтып оралғаннан кейін тіркелмеген азаматтарды сайлаушылар тізімінен шығарып тастаса, бұл ұлттық азшылықтардың сайлаушылар тізіміндегі санына әсер етуі мүмкін. Сайлауды бақылаушылар белгілі бір азшылық өкілдерінің бәсең немесе белсенді сайлау жүйесінде дауыс беруші ретінде тіркелуіне кедергі келтіретін мәселелерден хабардар болғаны жөн. Мысалы, рома (рома, ашкали және мысырлық қауым өкілдері) көп ретте ресми тіркелмеген елдімекендерде тұратындықтан, ресми мекенжайы болмайды. Сондықтан олар мемлекеттің заңды тұрғындары ретінде тіркеле алмауы мүмкін. Кейбір қатысушы мемлекеттерде рома өкілдерінің жеке құжаттары немесе куәліктері болмауы мүмкін, осы себепті олар сайлаушылар регистріне енгізілмеуі ықтимал.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер ұлттық азшылыққа жататын халықты әрқилы жолмен тіркеуі мүмкін. Бір мемлекеттер азшылықтардың санын шамалап бере алса, енді бірі мұндай мәліметтерді бере алмайды. Алайда тізімге этникалық шығу тегі

24 Ұлттық азшылықтың сайлау процесіне қатысуына септесетін ұсыныстар. Варшава, ЕҚЫҰ ДИАҚБ, 2001. URL: <http://www.osce.org/ru/odihr/elections/17569>.

25 Копенгаген құжатының 32.5-тармағына сәйкес, ұлттық азшылықтардың «өз тілдерінде ақпарат алмасуға, таратуға және оған қол жеткізуге құқығы бар». Сонымен қатар негіздемелік конвенция (9-бап 1-тармақ) және Венеция комиссиясының сайлау мәселелері жөніндегі озық тәжірибе кодексін қараңыз.

туралы мәліметтерді енгізу сайлау саласындағы озық тәжірибеге қайшы²⁶. Сонымен қатар ЕҚЫҰ-ға қатысушы кейбір мемлекеттерде ұлттық азшылықтан шыққан кандидаттар мен азшылық мүшелері сайлайтын кандидаттарға арнайы мандаттар беріледі. Ондай жағдайда сайлаушылар бөлек тізімге енгізілуі немесе сайлау күні азшылыққа жататынын растауы қажет болуы мүмкін.

Ә. Әйелдердің қатысуы

1948 жылғы Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ декларация мен адам құқықтары саласындағы басқа келісімдерде азаматтарға жынысына қарамастан саяси өмірге қатысудың тең құқығына кепілдік береді²⁷. Одан кейін қабылданған құжаттар, мысалы, Әйелдерге қатысты дискриминацияны жою туралы конвенция мемлекеттерді әйелдер мен ерлерге сайлаушы және кандидат ретінде сайлауға тең қатысу құқығын беруге міндеттейді. Бірақ дәстүр мен мәдениетте қалыптасқан дағды мен әйелдердің қоғамдық өмірге қатысуына шектеу қоятын түрлі стереотиптерге негізделген гендерлік дискриминация әйелдердің ерлермен бірдей әділ және тиімді өкілдік етуіне кедергі келтіреді.

Мұндай жағдайда сайлауды бақылаушылар дауыс берушілерді тіркеуге қатысты ережелер мен процедуралар әйелдердің саяси өмірге қатысуын қаншалықты жеңілдететінін немесе керісінше кедергі келтіретінін бағалауы керек. ДИАҚБ сайлауды бақылаушыларға бұл ретте көмектесу үшін арнайы нұсқаулық жариялады. Сайлауды бақылаудың кейбір миссияларында гендер мәселесі жөніндегі маман болуы мүмкін. Дегенмен әйелдердің саяси өмірге қатысуын бақылау миссияның негізгі құрамындағы барлық мүшенің міндеті. Бақылаушылар процесті жан-жақты бағалай алуы үшін әйелдердің саяси өмірге қатысуына кедергі келтіретін кез келген мәселе олардың назарына жеткізілуі тиіс.

Сайлаушыларды тіркеуде мемлекеттер сайлауға әйелдер мен ерлердің тең қатысуына барынша көмектесетін тіркеу жүйесін құруға ұмтылуы керек. Кейбір қатысушы мемлекеттерде ерлерге отағасы ретінде отбасындағы әйелдер үшін шешім қабылдауға мүмкіндік беретін үрдіспен үнемі күресіп отыру керек. Сайлауды бақылаушылар осындай дәстүр сайлаушыларды тіркеу мен дауыс беру процесіне, құқықтық қорғауға қол жеткізуге қалай әсер ететінін мұқият қадағалауы керек. Сайлаушыларды тіркеуге арналған ақпараттық-ағартушылық науқан мен әйел сайлаушыларға арналған науқанның қаншалықты тиімді екенін анықтау үшін ерлер мен

26 Венеция комиссиясының сайлау мәселелері жөніндегі озық тәжірибе кодексі, 12-б.; сондай-ақ 30-беттегі 2.4-бөлімді қараңыз. Сонымен қатар Негіздемелік конвенцияның 15-бабында кандидаттар мен сайлаушылардан ұлттық азшылыққа жататынын көрсетуді талап етуге болмайтыны жазылған.

27 URL: http://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml

әйелдер арасындағы сауатсыздық көрсеткіші қажет болуы мүмкін. Сайлаушыларды тіркеуге жауапты органдар тұрмыс құрған әйелдердің фамилиясы өзгергенін қалай есепке алатынын анықтағаны жөн. Сондай-ақ әйелдер тұрғылықты жерін ауыстырған соң, қажет құжаттарды аларда қандай да бір кедергіге тап бола ма, оны да анықтаған дұрыс. Конституция мен сайлау заңнамасында гендерлік теңдік және әйелдер құқығын қорғау анық жазылса да, іс жүзінде әйелдер дауыс беру мен саяси өмірге қатысуға келгенде, қоғамдық өмірден шет қалуы мүмкін.

Регистрде сайлаушылар жынысы көрсетілген жағдайда, әйелдер сайлаушы ретінде ерлермен бірдей тіркелетінін анықтау үшін, бұл деректерді санақ мәліметтерімен салыстырған дұрыс. Әдетте мұны тіркеудің бәсең жүйесінде анықтау оңай, өйткені онда сайлаушылардың жынысы мен жеке мәліметтері беріледі. Тіркеудің белсенді жүйесінде мұндай мәліметті табу оңайға соқпауы мүмкін. Алайда бұл мәліметтер әйелдер мен ерлердің дауыс беруге қатысуға ұмтылысы бірдей не әртүрлі екенін көрсететіндіктен, ерекше қызық. Көп ретте әйелдердің өздеріне байланысты емес факторлар (тіркеу органдарының жете алатын жерде орналасуы, алып жүретін адамдарсыз өз бетінше жүре алу, үй шаруасы, жұмыс уақыты, оқу және жаза алу, т.б.) олардың сайлаушы ретінде тіркелуге өтініш беруіне әсер етуі мүмкін. Сайлауды бақылаушылар әсіресе ауылдарда сайлаушыларды тіркейтін мекемелер әйел (және ерлер) сайлаушылар жете алатын жерде орналасқанына мән бергені жөн.

Б. Қоныс аударған тұлғалардың сайлауға қатысуы

Адамдар тұрғылықты жерінен қарулы қақтығыс, әлеуметтік толқу немесе табиғи апат кезінде басқа жаққа қоныс аударуы мүмкін. Ондай оқиғаларға тап болған мемлекет қоныс аударылған тұлғалардың тіркеуге тұрып, сайлаушы ретінде тіркелуіне айрықша мән беріп, сайлауға қатысуға ынталандыруы керек. БҰҰ, ЕКЫҰ, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым қоныс аударған тұлғаларды тіркеуде белсенді рөл атқара алады.

Бір мемлекеттің азаматтары сол елдің ішінде қоныс аударса, оларды «ішке қоныс аударған тұлғалар» деп атайды. Ал мемлекет азаматтары мемлекеттен сырт жерге қоныс аударса, оларға қатысты «босқындар» термині қолданылады. Қоныс аударған тұлғалар қай мемлекеттің азаматтары болса, олардың сайлауға қатысуы сол мемлекеттің заңнамасымен реттеледі. Билік олар сайлауға қатысуы үшін барлық қажетті шараны қолға алуы керек. Ал босқындардың сайлауға қатысуы олардың мемлекеті шетелде дауыс беру мүмкіндігін және босқындарға дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз еткеніне байланысты.

Қоныс аударған тұлғалардың сайлаушылар тізіміне енуіне бірқатар мәселе кедергі келтіруі мүмкін.

- ✎ Қоныс аударған халық көп ретте тұрақсыз; олар өз бетінше бір жерден екінші жерге көшіп жүреді немесе лагерь, я болмаса уақытша баспанада тұрады. Одан кейін тиісті орган оларды басқа жерге көшіруі мүмкін.

- ✎ Қоныс аударған тұлғалар жеке куәліктерін жоғалтып алып, ондай құжаттарды беретін органдарға бара алмауы мүмкін. Әсіресе азаматтық хал актілері жойылған немесе ұрланған аудандарда осындай мәселе туындауы мүмкін.
- ✎ Қоныс аударған тұлғалар қорқытып-үркіту мен жәбір көруден сескеніп тіркелмеуі мүмкін.

Кейбір жағдайда нақты бір жерден пана тапқан қоныс аударған тұлғалар бұған дейін тұрған әкімшілік бірлікте сайлаушы ретінде тіркелуге құқығы болуы мүмкін. Алайда олар жеке қауіпсіздігіне алаңдағандықтан тіркелмеуі мүмкін. Немесе бұған дейін тұрған жерде тіркелсем, қоныс аударылғандарға берілген құқықтардан айырылып қаламын деп қауіптенгендіктен, тіркелмеуі мүмкін. Кейбір мажоритар сайлау жүйелері ішке қоныс аударған тұлғалардың дауыс беру құқығын шектеуі мүмкін. Өйткені мұндай жүйеде сайлауға қатысу үшін белгілі бір сайлау округінде тіркелу керек.

Қоныс аударылған халық топтары бар мемлекеттерде бақылаушылар тиісті билік органдарының өкілдерімен кездесіп, бұл азаматтарды сайлаушы ретінде тіркеу үшін қандай шаралар қолға алынғанын анықтауы керек. Егер ішке қоныс аударған тұлғалар уақытша баспанада орналасса, сайлауды бақылау миссиясының мүшелері оларға барып, ондай тұлғаларды сайлаушы ретінде тіркеу қалай жүріп жатқанын қадағалауға тырысуы керек.

В. Үйсіз тұлғалардың қатысуы

Үйсіз тұлғаларға да айрықша назар аудару керек, өйткені олардың тіркелген тұрғылықты жері болмағандықтан, сайлаушылар регистріне кіргізілмей қалуы мүмкін. Озық тәжірибеге сәйкес, тіркелген тұрғылықты жері немесе мекенжайы жоқ, бірақ басқа параметрлер бойынша дауыс беруге құқығы бар адамдар дауыс беру процесінен шет қалмауы керек. Бақылаушылар үйсіз адамдарға дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылданғанын анықтауы керек.

Сайлаушыларды тіркеудің инклюзивтілігі

Сұрақтар:

- Тіркеу процесіндегі бюрократиялық кедергілер немесе жүйелі кемшіліктерге байланысты тіркеле алмай қалған топтар бар ма? Жергілікті дәстүрлі мәдениет белгілі бір аймақ немесе бүкіл елдегі сайлаушыларды тіркеудің инклюзивтілігіне әсер етуі мүмкін бе?
- Тіркелу үшін дауыс беру құқығын растайтын қандай құжаттар керек? Қандай жағдайда тұлғада бұл құжаттар болмауы мүмкін? Немесе тұлға нендей жағдайда бұл құжаттарға қол жеткізе алмауы мүмкін?
- Кейбір сайлаушылардың дауыс беруге қатысуына кедергі келтіруі мүмкін сауаттылық немесе ақы төлеу талаптары бар ма?

-
- Ұлттық азшылықтар бар болса, тіркеу туралы мәлімет пен тіркеу бланкілері ұлттық азшылық тілінде берілген бе?
-
- Сайлаушы ретінде тіркелген әйелдер мен ер адамдар туралы статистикалық мәліметтер бар ма?
-
- Әйелдер мен ұлттық азшылық өкілдері сайлаушылар тізімінде жеткілікті түрде енгізілмеген болса, жергілікті билік органдары немесе азаматтық қоғам олардың тіркеуіне септесетін және тіркеуге ынталандыратын арнайы бағдарламаларды іске асырды ма?
-
- Сайлауда дауыс беру құқығына ие болу үшін тұрақты тұрудың қандай мерзімі талап етіледі? Және тіркелудің соңғы мерзімі қандай? Бұл факторлар жақында көшіп келген немесе көшіп-қонудың дәстүрлі мәдениетін ұстанатын сайлаушылар тобына теріс әсер етуі мүмкін бе?
-
- Қоныс аударылған тұлғаларға арналған лагерьлер немесе басқа уақытша баспана бар ма? Қоныс аударылған тұлғалар көптеп орналасқан белгілі бір аймақтар бар ма?
-
- Ішке қоныс аударған тұлғалар мен босқындарды есепке алғанда қоныс аударылғандардың жалпы саны қанша? Тұрғылықты жер мен азаматтық бойынша, олардың мәртебесі қандай?
-
- Қоныс аударған тұлғаларға жеке басын куәландыратын немесе олардың мәртебесін көрсететін құжаттарды беру үшін қандай шаралар қолға алынды? Оларға сайлаушы ретінде тіркелуге көмектесу үшін қандай да бір шаралар жасалды ма (жасалса, оны кім жасады)?
-
- Құқықтық ережелер мен нормалар бойынша, ішке қоныс аударған тұлғалар қазіргі уақытта жүрген жерінде дауыс бере ала ма, әлде бұрынғы тұрғылықты жерінде дауыс беруге құқылы ма? Және осы ережелерге сәйкес, олар дауыс беру құқығын пайдалана ала ма?
-
- Заңнамада үйсіз тұлғалардың сайлауға қатысу құқығын іске асыруға мүмкіндік беретін ережелер бар ма?
-

Сайлаушылар тізімі және сайлау күні

Сайлау күні сайлау учаскелерінде дауыс берушілер тізімінің сапасы тексеріледі. Сайлау учаскесінде сайлаушылардың жеке басын анықтау және оларға қызмет көрсету сайлаушыларды тіркеу процесінің тұтастығын айқын көрсетеді. Бұл бөлімде сайлау күні сайлаушылар тізімін пайдалануға қатысты мәселелер қамтылып, сайлауды бақылау миссиясына бұл процесті тиімді бақылау бойынша ұсыныстар беріледі.

А. Сайлаушылар тізімінің құрылымы

Озық тәжірибеге сәйкес, сайлау күні сайлау учаскелеріндегі дауыс берушілер тізіміне қандай жеке мәліметтер енгізілетіні заңда анық көрсетілуі шарт. Бұл кез келген сайлаудағы дауыс берушілер тізімінің ашықтығы пен бірізділігін қамтамасыз етеді. Адамның жеке басын оның аты, фамилиясы мен туған күні бойынша анықтауға болатыны белгілі. Сайлаушылардың жеке басын анықтайтын өзге ақпаратқа мекенжай, жеке басын куәландыратын құжат нөмірі (мысалы, төлқұжат); сайлаушының жеке тіркеу нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі жатады. Сайлаушылар регистрі немесе тізімін жариялағанда, жоғарыдағы 4 (B) бөлімінде айтылғандай, билік органдары жеке мәліметтердің құпиясы мен оларды қорғау ережелерін ескеруі керек.

Егер халық регистрі және/немесе сайлаушылар регистрі мәліметтер базасы түрінде жинақталса, көп ретте бағдарламалық қамту жүйесі мәліметтерді бірқатар өріс бойынша топтап бере алады. Осылайша бір регистр мәліметтерді әртүрлі форматтағы тізім түрінде бере алады. Көп ретте сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімі фамилия немесе мекенжай бойынша (егер барлық қала және ауылды жерлердегі мекенжайлар бірдей тәртіппен берілсе) алфавиттік ретпен беріледі. Мәліметтер әдетте жеке басты куәландыратын құжаттағы деректерге байланысты топтастырылып

беріледі. Әдетте бұл құжаттар сайлаушының жеке басын куәландырады. Сайлаушылардың мәліметтері жүйеленіп, топтастырылып берілсе, сайлау учаскесіндегі лауазымды тұлғалар сайлаушыларға тез қызмет көрсетеді.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерде сайлаушылар тізіміндегі мәліметтер көбіне-көп фамилия бойынша алфавиттік ретпен топтастырылып беріледі. Бұл сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжат арқылы анықтауға мүмкіндік береді (ондай құжаттарда мекенжай көрсетіледі). Мекенжайды мемлекет қорғауы тиіс жеке мәліметке жатқызатын елдер мен мекенжай бірыңғай тәртіппен жүйеленбеген мемлекеттерде сайлаушылар тізімін фамилия бойынша алфавиттік ретпен топтастырып беру өте ыңғайлы. Сайлаушылар тізімін қоғамдық тексеру кезінде мекенжай бойынша топтастырылған сайлаушылардың алдын ала тізімі жасалуы мүмкін. Мұндай жағдайда сайлау күні қолданатын сайлаушылар тізімі фамилия бойынша іріктеліп беріледі. Кейбір қатысушы мемлекеттерде сайлаушылар тізімі сайлау учаскесіне немесе оның жанында ілініп, сайлаушылар дауыс беру басталғанша өз аты-жөндері тізімге енгізілгенін тексеріп, сол сайлау учаскесінде дауыс беретініне көз жеткізе алады.

Ә. Дауыс беру

Сайлаушылар тізімін жасау, жаңарту, бақылау, жариялау мен таратуға жұмсалған күш-жігердің ортақ нәтижесі сайлау күні бір жерден көрінеді. Сайлаушылар тізімі – дауыс беруді өткізу үшін керек ең негізгі құжат. Сайлау күні қолданатын сайлаушылар тізімі мен сайлаушылардың қосымша тізіміне қарап (егер ол қолданылса), сайлау күні дауыс берген сайлаушылар саны анықталады және оны сайлаушыларға берілген бюллетень санымен, дауыс беру жәшіктеріне тасталған бюллетень санымен және дауыс беру санымен салыстыруға болады.

Дауыс беруге келген сайлаушылар үшін тізімнен өз аты-жөнін табу – ең маңызды нәрсе. Әрі бұл олардың сайлау процесіне сеніміне әсер етуі мүмкін. Сайлаушы тізімнен өз аты-жөнін табу үшін өзі тіркелген сайлау учаскесіне келуі керек; сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде сол учаскеде тіркелген барлық сайлаушының дербес мәліметтері дұрыс жазылуы керек. Ал сайлаушыларға қай сайлау учаскесінде тіркелгені хабарлануы тиіс.

Қатысушы мемлекеттерде процедуралар әртүрлі болуы мүмкін, бірақ көп ретте сайлау күні сайлаушылар тізімінен дауыс берушіні тауып, оған бюллетень беру үшін одан жеке басын куәландыруды сұрайды. Сайлаушы дауыс бере алуы үшін қандай құжат керек екені (егер құжат керек болса) заңнамада жазылады. Көп ретте сайлау комиссиясының мүшесі аты-жөнін сайлаушылар тізімінен табуы үшін оған жеке куәлік көрсетіледі. Кейбір қатысушы мемлекеттерде жеке куәлігі жоқ адамның жеке басын бір немесе екі адам куәландырса, ол жеке тұлғасы анықталған сайлаушыға саналып, дауыс беруге рұқсат етіледі. Сайлаушының фамилиясы мен аты тізімнен табылған соң, одан сайлаушылар тізіміне қол қоюды сұрайды немесе сайлау

комиссиясының мүшесі қол қойып, сайлаушының бюллетень алғанын көрсету үшін тізімдегі оның мәліметінің жанына белгі қояды.

Дайындығы жақсы сайлау комиссиясының мүшелері, сайлаушылардың нақты тізімі мен сайлау күнгі міндеттері мен құқықтарын жақсы білетін сайлаушылар – осының бәрі айналып келгенде, сайлау процесінің кедергісіз өтуіне және қоғамдық сенімді қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай жағдайда сайлау учаскелерінде бірлі-жарым мәселе ғана туындайды. Алайда жоғарыда келтірілген салалардың кез келгенінде қандай да бір кемшілік кетсе, мұның арты іркілістерге, көңіл қалдыратын оқиғаларға, дауыс беру процесіндегі кідіріс пен тіпті сайлау учаскелеріндегі тәртіпсіздікке әкеп соқтыруы мүмкін.

Сайлаушы мына себептерге байланысты сайлаушылар тізімінде болмауы мүмкін:

- ✎ Сайлаушы өз мәліметтерін түзеу немесе басқа жаққа көшіру туралы өтініш түсірді. Сайлаушы мәліметтерді көшіру туралы өтініш түсірсе, ол басқа сайлау учаскесінде тіркелуі мүмкін.
- ✎ Сайлаушылар тізіміндегі дауыс берушінің фамилиясы сайлаушы көрсеткен жеке басты куәландыратын құжаттағыдан басқаша жазылуы мүмкін.
- ✎ Сайлаушының фамилиясы абайсызда кіргізілмей қалды.
- ✎ Сайлаушы басқа сайлау учаскесінде тіркелген.
- ✎ Сайлаушы еш уақытта тіркелмеген (сайлаушыны тіркеудің белсенді жүйесінде) немесе сайлауға тіркелуге болатын соңғы мерзімді өткізіп алып, кеш тіркелген болуы мүмкін.

Дауыс берушінің аты-жөні сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінен табылмаған жағдайда, мәселе заңнамалық базадағы ережеге байланысты шешіледі. Ондай сайлаушыға бюллетень берілмеуі мүмкін немесе дауыс беруге құқығы бар екені анықталса, фамилиясы қосымша тізімге енгізілген соң бюллетень берілуі мүмкін. Кейбір қатысушы мемлекеттерде сайлау күні дауыс беру құқығының бар-жоғы жергілікті билік органдары, полиция немесе сот арқылы анықталуы мүмкін. Мұндай жағдайда заңнама бұл органдарды дауыс беру уақытында жұмыс істеуге міндеттейді. Кей қатысушы мемлекеттер сайлаушыға шартты сайлау бюллетенімен дауыс беруге рұқсат етуі мүмкін.

Шартты бюллетень

Кей қатысушы мемлекеттерде сайлау тізімінде жоқ сайлаушыларға шартты бюллетень беріледі. Осылайша сайлау аяқталған соң жоғары сайлау комиссиясы немесе жергілікті тіркеу органдары мұндай тұлғалардың дауыс беруге құқығы бар-жоғын тексере алады. Дауыс беруге құқығы бар сайлаушылардың дауысы есепке алынады. Озық тәжірибеге сәйкес, мұндай жағдайда сайлаушыға бюллетень, дауыс беру құпиясын сақтайтын конверт және оны салатын конверт беріледі. Сыртқы конверттің бетіне сайлаушылар дауыс беру біткен соң тексерілетін жеке мәліметтерін көрсете алады.

Бірқатар қатысушы мемлекетте сайлау комиссиясының мүшелерінде бүкіл сайлау округіндегі сайлаушылар тізімін көруге мүмкіндік беретін компьютерлер бар. Ондай жағдайда сайлау учаскесіндегі лауазымды тұлғалар сайлаушыларға олар тізімге кірген-кірмегенін, кірген болса, қандай учаскеге тіркелгенін айтып бере алады.

Б. Санақ

Сайлаушылар тізімі, қосымша сайлау тізімі (егер бар болса) және үйде/тасымалданатын жәшіктер арқылы дауыс бергендердің тізімі сайлау учаскесі жабылған соң, дауыстарды санау процесінде есепке алынады. Дауыстар сайлау учаскесінде немесе басқа жерде саналса да (мысалы, сайлау округінің дауыстарды санау орталығында), сайлау комиссиясының мүшелері әдетте өздерінің сайлау учаскесіндегі дауыс беру процесін құжат жүзінде көрсету үшін хаттама толтырады.

Көп ретте дауыс санаудың алғашқы кезеңінде дауыс берген сайлаушылардың саны анықталады. Ол үшін сайлаушылар тізімінде қойылған қолдар немесе сайлау комиссиясының мүшелері дауыс берді деп белгілеген сайлаушылардың жазбалары саналады. Сонымен қатар сайлаушылардың қосымша тізіміндегі барлық фамилия мен шартты бюллетеньмен дауыс бергендер де саналады. Осы санақ нәтижесінде шыққан сан хаттама бойынша берілген бюллетеньдер саны және дауыс беру жәшігіндегі бюллетень санымен сәйкес келуі керек (бүлінген немесе алмастырылған бюллетеньдер есепке алынбайды).

В. Сайлау күнгі бақылау

ЕҚЫҰ-дың сайлауды бақылау әдістемесіне сәйкес, қысқа мерзімді бақылаушылар сайлау өтетін ЕҚЫҰ-ға қатысушы елге дауыс беруге бірнеше күн қалғанда келеді де, сайлау аяқталған соң бірнеше күннен кейін кетеді. Сайлауды бақылау миссиясының негізгі құрамы қысқамерзімді бақылаушыларға сайлаушылар тізімінің сапасы туралы ақпарат жинауды тапсырып, оны сайлау күні сайлау учаскелерінде пайдалануы мүмкін. Сайлауды бақылауда қойылатын негізгі стандарт сұрақтардың қатарында сайлаушылар тізіміне қатысты бірнеше сұрақ бар. Бұл сұрақтар қатысушы мемлекет тіркеудің қандай жүйесін қолданатынына байланысты өзгереді. Қысқа мерзімді бақылаушылардың саны көп екенін ескерсек, сайлаушыларды тіркеу жүйесін қолданудың жалпы тенденцияларын анықтау үшін олардың қорытындысын жүйелеуге болады.

Қысқа мерзімді бақылаушылардың қорытындысы туралы бірлескен есепте сайлаушылар тізімі қаншалықты нақты және сайлау күні сайлаушылар тізімімен байланысты дауыс беру кезеңі қаншалықты тиімді ұйымдастырылғаны қамтылуы керек.

Қысқа мерзімді бақылаушылар сайлау күні сайлаушыларды тіркеуді бақылауы керек (тіркеу жүретін болса)²⁶. Сонымен қатар олар сайлаушылардың жеке басын анықтау процесі ережеге сай өтті ме, ешқандай мәселе туындамады ма, қосымша тізімге сайлаушылар енгізілді ме, қандай да бір сайлаушының фамилиясы тізімде жоқ болғандықтан, оған бюллетень берілмеді ме, көп мәрте дауыс беру расталды ма, соны анықтауы керек.

Сонымен қатар миссияның негізгі құрамы қысқамерзімді бақылаушылар қандай да бір мәселе туралы хабарлағанымен, олар сайлаушылар тізіміндегі мәселелердің себепі мен ол үшін кім жауапты екенін анықтай алмайтынын ескергені жөн. Мұндай мәселелерді талдау көп уақыт алады әрі қабылдаушы елдің билік органдарының септесуін талап етеді. Сайлау күні сайлаушылар тізіміне қатысты кез келген шағымды ұзақмерзімді бақылаушылар немесе миссияның негізгі құрамының мүшелері сайлау процесіне қорытынды баға беру үшін бақылауға ала алады.

Сайлаушылар тізімі және сайлау күні

Сұрақтар:

Сайлаушылар тізімінде қандай дербес мәліметтер енгізіледі және олар қалай жүйеленеді? Бұл сайлаушыларға тез және ешқандай кедергісіз қызмет көрсетуге мүмкіндік бере ме?

Сайлаушылар тізімі сайлау учаскесінде немесе оның маңында ілінген бе?

Сайлаушылардың жеке басы қандай процедуралар арқылы анықталады және жеке куәлігі жоқ сайлаушының жеке басын куәгерлер анықтай ала ма?

Сайлаушының фамилиясы сайлаушылар тізімінен табылмаса, заңнамалық базада бұған қатысты қандай ережелер бар? Сайлаушыға бюллетень берілмей ме? Сайлау күні дауыс беру құқығын анықтайтын тәсіл бар ма? Шартты бюллетень арқылы дауыс беруге бола ма?

Заңнамалық базада сайлаушылар тізімінде дауыс берді деп белгі қойылған сайлаушылар санын сайлау күні берілген бюллетеньдер саны және дауыс беру жәшігіндегі бюллетеньдер санымен салыстыру керек деген ереже бар ма?

Қысқамерзімді бақылаушылар көптеген сайлаушы тізімде жоқ болғандықтан, оларға бюллетень берілмегенін немесе бір сайлаушының көп мәрте дауыс бергенін растайтын дәлелдер анықтады ма? Ондай жағдайда қандай шара қолданылды?

²⁶ Кейбір қатысушы мемлекеттердің заңнамасы сайлау күні сайлаушыларды тіркеуге рұқсат етеді. Бұл азаматтық құқықтар мен дауыс берудің шынайылығына қайшы келетін даулы мәселе. Венеция комиссиясының сайлау мәселелері жөніндегі озық тәжірибе кодексінде былай делінген: «Сот бақылай алатын әкімшілік процедура немесе тіркелмеген сайлаушының тіркеу мәселесін қарайтын сот процедурасы болуы тиіс; сайлаушылар сайлау күні сайлау учаскесінде тіркелмеуі тиіс» (1.2.iv бөлімі).

Бір сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде қайталанған мәліметтер болды ма?

Сайлаушылардың қосымша тізімдері болды ма? Сайлау учаскесіне барғанда қосымша сайлаушылар тізімінде қанша сайлаушының мәліметі енгізіліп қойылған еді?

Сайлауға қатысатын тараптар сайлау күні сайлаушылар тізіміне қатысты қандай да бір шағым айтты ма? Шағым түскен жағдайда, бұл мәселе қалай шешілді? Шағымды түсірушілер даудың қалай шешілгеніне көңілі толды ма?

Сайлаушылар тізімінде дауыс берді деп белгіленген сайлаушылардың дауысын санау кезінде дауыс берушілердің сайлауға қатысу көрсеткіші дұрыс анықталды ма?

Г. Сайлау өткен күннің ертесі

Сайлаудан кейін және дауыс берудің алдын ала және қорытынды нәтижесі шыққан соң, сайлауды бақылаушылар сол нәтижелерге баға беруі керек. Баға бергенде бақылаушылар тіркелген сайлаушылар саны, сайлауға қатысу көрсеткіші мен сайлау күні туындауы мүмкін сайлаушыларды тіркеудің мәселелері (мысалы, сайлаушылар фамилиясының тізімде болмауы немесе оларға дауыс беру мүмкіндігін бермеу) жөнінде білуі керек. Сонымен қатар сайлауды бақылаушылар шағымдар қарау процесін де бақылауға алуы керек. Миссияның негізгі құрамының мүшелері қысқа мерзімді бақылаушылардан алынған мәліметтерді ресми қорытынды мәліметтермен салыстыра алады. Дәлірек айтқанда, бақылаушылар бұл мәліметті ресми орындар ұсынған тіркелген сайлаушылар саны, тіркелген сайлаушылар санының артуы (әсіресе сайлау күні), сайлау күні дауыс берген сайлаушылар саны және сайлауға қатысудың қорытынды көрсеткішімен салыстыра алады.